СУДЬЯ ӘДЕБІ – БАСТЫ НАЗАРДА

2-бет

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛМЕЙТІНДЕР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ АЛЫНБАСЫН!

5-бет

ТАҚЫРҒА ОТЫРҒЫЗДЫ

8-бет

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№58 (3589) 8 тамыз 2023

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ

ASTER.LTD - ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ МА?

Газет редакциясына «Aster.LTD» деген аты дардай компанияның инвестициялық қызметінен зардап шеккен бір топ адам шағым жолдады. Олар бұл компанияны қаржылық пирамида деп есептейді. Алаяқтарға алданғандардың қатарында тек Алматы, Тараз, Шымкент, Ақтау, Қызылорда қалаларының ғана емес, басқа өңірлердің тұрғындары да бар. Жәбірленушілер жергілікті полиция органдарына компанияның қызметін тоқтату, сайтты жабу және шығынды өтеу туралы өтініш берді.

(Соңы 3-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Серік БАЙБАТЫРОВ, қоғам қайраткері, сот саласының ардагері, Алматы облысының Құрметті азаматы:

«ҚОҒАМНЫҢ АЛДЫНДА ЖҮЗІМ ЖАРҚЫН»

– Серік Кәтенұлы, сот саласында ұзақ жыл еңбек еткен, қоғамның дамуына үлес қосқан танымал азаматтың бірісіз. Өткенге көз жібергенде ең алдымен не есіңізге түседі? Жалпы, сізді не алаңдатады?

– Барды бағамдап, жоқты түгендеп отыру – заңдылық. Менің ойымша, бүгінгі қоғамда көп сыналып жатқанымен, Кеңес өкіметінің ұстанымдары, бағыты көп жағдайда жақсы болды. Жақсы деп айтудағы бір себебім, ол тұста елді басқаратын азаматтар қызметті төменнен бастайтын еді. Мысалы жоғары оқу орнын тәмамдаған азамат біртіндеп көтеріле келе алдымен совхоз, оның жұмысын қамшы салдырмай алып кетсе аудан басқаратын. Одан сенімді ақтап, жақсы жағынан көрініп жатса партияның резервіне кіргізіліп, облысқа қызметке алынатын. Онда да үшінші, екінші хатшы сатыларынан өткенде ғана бірінші хатшы болатын. Ал қазіргі заманда ше? Қазір жоғары оқу орнында оқып жатып биік мәнсапқа ие болатындар бар.

Көпшілікке түсінікті болу үшін бұл сұрақтың төркінін білім беру саласынан бастайын. Шыны керек, соңғы үдерістер көрсеткендей бізде қаншама жастар мемлекет қаражатымен, тіпті жеке қаражатымен шет елдерде оқып келді. Бірақ барлығы осы шекара асып оқыған мамандықтары бойынша жұмысқа орналаса алмайды. Өте ақылдылары бірнеше тілді үйреніп, шет елдерге қызметке кетіп жатады. Осы тұста бір шындықты аша кетпесек жастарға қиянат болар. Жалпы, жастардың арасында өз күшімен білім алып, талпынып, өмірден өз үлесін алып жүргендері баршылық.

(Соңы 4,5-бетте)

СОТ СӨЙЛЕСІН

КАССАЦИЯЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ - КҮРДЕЛІ ПРОЦЕСС

Қазақстанның сот жүйесі істерді қарау процесінің тәуелсіздігі мен әділдігін қамтамасыз ететін бірқатар принциптерге негізделген. Сондықтан кінәсіздік презумпциясы Қазақстандағы сот жүйесінің негізгі принциптерінің бірі. Бұл қағида бойынша әрбір айыпталушының кінәсі белгіленген тәртіпте дәлелденгенге дейін кінәсіз деп есептеледі. Әрбір Қазақстан азаматының әділ сот талқылауына құқығы бар, оған сәйкес қорғану, өз құқықтары мен айыптары туралы ақпаратқа қол жеткізу, куәлардың қатысуы мен жауап алу құқығы кіреді.

Елде қылмыстық істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау ерекше жағдайларда, қатаң түрде ҚПК-нің ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуға және олардың орындалуына кедергі келтірмеуге тиіс.

Іс кассациялық сатыға келіп түскен күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қаралады. Бұл мерзім істің күрделі немесе көлемі үлкен болуына байланысты, сондай-ақ, өзге де дәлелді себептер болған кезде істі қарайтын соттың қаулысымен, бірақ әр ретте бір айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Кассациялық сатыдағы сот отырысын тағайындау негізінде алдымен шағым, наразылық келіп түскен кезде кассациялық сатының судьясы істі талап етіп алдырып, ол келіп түскеннен кейін оны қарау күнін белгілейді. Екіншіден, тараптарға істің кассациялық сатыда қаралатын уақыты мен орны туралы хабарланады. Күзетпен ұсталып отырған сотталған адамды шақырту туралы мәселені кассациялық сатыдағы сот шешеді. Күзетпен ұсталып отырған сотталған адамнан оның жағдайын нашарлатуға бағытталған шағымды немесе прокурордың наразылығын қарау кезінде кассациялық сатыдағы сот отырысына қатысу туралы өтінішхат келіп түскен кезде кассациялық сатыдағы сот істі сотталған адамның тікелей қатысуымен не аталған адамның қашықтықтан қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып қарау туралы қаулы шығарады, оны орындау үшін тиісті органдарға жібереді.

Үшіншіден, кассациялық отырыстың орны мен уақыты туралы уақытылы хабардар етілген адамдардың келмеуі істі қарауға кедергі болмайды.

Жекеше айыптау істерін қоспағанда, кассациялық сатыдағы соттың отырысына прокурордың және қорғаушының қатысуы міндетті.

Кассациялық шағымдар, наразылықтар келтіру құқығы бар адамдар, сондай-ақ, үкім, қаулы шығарылғаннан кейін тапсырма алған сотталған адамның, ақталған адамның қорғаушысы немесе жәбірленушінің өкілі кассациялық сатыдағы соттың отырысына барлық жағдайда да жіберіледі. Берілген шағымдарды немесе наразылықтарды не оларға қарсылықтарды негіздеп сөйлеу үшін өздерінің өтінуі бойынша оларға сөз беріледі.

Егер барлық қатысушылар шағым жолдаған кезде не сот отырысы туралы хабарлама алған соң іс жүргізуді өздерінің қатысуынсыз жүзеге асыру туралы мәлімдесе, сот істі тараптардың қатысуынсыз қарау туралы шешім қабылдауға құқылы. Егер сот олардың келуін міндетті деп таныса, істі қарау кейінге қалдырылады және тиісті адамдарды шақырта отырып, сот отырысының жаңа күні тағайындалады.

Істерді кассациялық сатының қарау тәртібі негізінде төрағалық етуші сот отырысын ашады, қандай істің қаралатынын және кімнің кассациялық шағымы немесе наразылығы бойынша екенін хабарлайды. Содан кейін төрағалық етуші соттың құрамын, іс бойынша тараптар болып табылатын және сот отырысына қатысып отырған адамдардың тегін, сондай-ақ, аудармашылардың тегін хабарлайды және отырысқа қатысып отырған адамдарға істі кассациялық сатыда қарау кезіндегі құқықтарын түсіндіреді.

Егер процеске қатысушы кассациялық шағым, наразылық беру кезінде шағым жасау мерзімін өткізіп алынғаны туралы өтінішхат мәлімдесе, онда осы өтінішхат бірінші болып қаралуға жатады. Өтінішхат негізді деп танылған кезде сот оны қанағаттандыру туралы және мерзімін өткізіп алып берілген шағым, наразылық бойынша кассациялық іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарады және істі кассациялық сатыға уақытылы берілген шағым, наразылық бойынша қарауды жалғастырады.

Істі қарау кассациялық шағым немесе наразылық берген процеске қатысушының сөзінен басталады. Егер мұндай қатысушылар бірнешеу болса, төрағалық етуші тараптардың пікірін ескере отырып, олардың сөйлеу кезектілігін белгілейді. Кассациялық сатыдағы сотқа қатысатын прокурор қарастырылып жатқан кассациялық шағымдар бойынша пікірін айтады, наразылықта көрсетілген дәлелдерді баяндайды, іс бойынша жасалған сот актілерінің заңдылығы туралы қорытынды береді.

Сөз сөйлеушілер кассациялық шағымда немесе наразылықта келтірілген дәлелдерді растау немесе теріске шығару ретінде кассациялық сатыға қосымша материалдар ұсынуға, бұл ретте сотқа олардың қандай жолмен алынғанын және оларды ұсыну қажеттігі неге байланысты туындағанын хабарлауға құқылы. Қосымша материалдарды тергеу әрекеттерін жүргізу жолымен алуға болмайды. Сот тараптардың пікірін тыңдап, қосымша материалдарды қабылдау немесе қабылдамау туралы қаулы шығарады. Қосымша материалдар, егер олардың істі шешу үшін маңызы бар болса, егер мұндай материалдарда қамтылған деректер немесе мәліметтер қосымша тексеруді талап етпесе, үкімнің күшін жою немесе оны өзгерту үшін негіз бола алады. Өзге де жағдайларда қосымша материалдар сот үкімінің, қаулысының күшін жою және істі апелляциялық сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жіберу үшін негіз бола алады.

А.ЖОЛДЫБАЕВ
Шиелі аудандық сотының судьясы
Қызылорда облысы

ПӘРМЕН

Егемендіктің бесігінде тербеліп, өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырған еліміздің сот жүйесінің кешегі жаңғыруы, бүгінгі дамуы көз алдымызда өтуде. Ақ пен қара таразыға тартылған сәтте туралықтан танбай төрелік ету оңай емес. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» демекші әділ үкім шығару судьялардан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Алайда, істерді қарау барысында сотты құрметтемеудің көріністері орын алып, сот алаңында теріс қылық жасау фактілері кездесетіні жасырын емес.

ТӨРЕЛІК ЕТЕР ТӨРДІ СЫЙЛА!

Атап айтсақ, сот отырысына төрағалық етушінің өкіміне бағынбай, кейбірі балағат сөз айтып, шу шығарып, енді бірі процесс барысында судьяларды дәлелсіз тілдеп жатады. Тіпті, сотқа шақырту қағазын ала тұра сот отырысына келмейтін тараптар да бар. Мұндай фактілер өз кезегінде істердің уақытылы әрі сапалы қаралуына кедергі келтіріп, жұмысты созбалаңға салады.

«Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының 9-тармағында сотқа құрмет көрсетпеудің, егер онда басқа арнаулы әкімшілік тәртіп бұзушылықтың немесе қылмыстың белгісі болмаса, кінәлі деп табылған адамдар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 653-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны дәйектелген. Жалпы, сотқа немесе сот белгілеген тәртіпке көпе-көрінеу менсінбеушілік әрекеттеріне айғақ боларлық кез келген әрекет (әрекетсіздіктің) сотқа құрмет көрсетпеушілік болып табылады. Сотқа құрмет көрсетпеушілік судьяны және алқабиді қорлаумен астасып жатса, айыпты Қылмыстық кодекстің 410-бабы 2-бөлімі бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Осы орайда, әкімшілік жауаптылық туралы айтатын болсақ, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 653-бабында процеске қатысушылардың және өзге де адамдардың қатысуынсыз соттың істі одан әрі қарауы мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың шақыру қағазы, хабарлау, хабардар ету немесе шақыру бойынша сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен, сот отырысында төрағалық етушінің өкіміне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзудан көрінген сотты құрметтемеушілік, сотты және судьяны құрметтемеушілік туралы анық көрінетін өзге де әрекеттер үшін ескерту жасау не 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салу не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы көзделген. Сондай-ақ, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған мұндай әрекеттердің соңы 30 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеледі. Егер сот отырысында тәртіп бұзушы әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық белгісі болса, қылмыстық жауаптылық белгіленеді. Өңірде 2023 жылдың I жартыжылдығында 4559 тұлғаға қатысты 4559 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс аяқталған, оның ішінде сотты құрметтемеушілік бойынша 2 іс қаралып, 1 тұлғаға ескерту беріліп, енді біріне айыппұл жазасы қолданылған.

Ендеше, азаматтар сотты құрметтемесем ескерту немесе айыппұлмен оңай құтыламын деген көзқарастан аулақ болып, сот процесінде ортақ тәртіпті сақтауы міндет. Сот алаңындағы талапқа бағыну, жауапкершілікті сезіну түптеп келгенде мәдениеттілік пен өркениеттің белгісі. Қорыта айтсақ, заңға ғана бағынып, заңды әрі негізді шешім шығару судьяның міндеті болса, сотты құрметтеу – сот ғимаратының табалдырығын аттаған әр азаматтың міндеті.

ҚАРЖАУ БОЗШАҒҰЛОВ,
Ақтау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соттың төрағасы

БІЛГЕН ЖӨН

ЖОЛДАНЫМ ҚАБЫЛДАНЫП, ТІРКЕЛІП, ҚАРАЛУЫ МІНДЕТТІ

Әкімшілік әділет институтын еліміздің құқықтық алаңына үлкен бетбұрыс жасаған батыл қадам деп бағаласақ артық емес. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс – қарапайым азаматтардың өзіне деген сенімін нығайтып, құзырлы органдармен мүмкіндігін теңестірген пәрменді құжат. Міне, осы кодексті басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізіп келе жатқанымызға екі жылдан аса уақыт өтті. Осы екі жыл ішінде әкімшілік соттар жария-құқықтық дауларды таразылау бойынша бірыңғай тәжірибе қалыптастырып, азаматтардың сеніміне ие болып үлгерді. Дегенмен, бүгінгі нәтижелермен шектеліп қалмас үшін жаңа кодекстің тиімді тұстарын, жағымды жаңалықтарын жұртшылыққа түсіндіріп, таныстыруды тоқтатпау керек.

Мәселен, бұл кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді. ӘРПК-ге сәйкес, әкімшілік рәсім – әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешімді қабылдау және орындау жөніндегі, жолданым негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын қызметі, сондай-ақ, оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылатын қызмет. Оның тәртібі кодекстің 3-бөліміндегі 9, 10-тарауында жанжақты көрсетілген.

Айталық, әкімшілік рәсімді қозғауға жолданым не әкімшілік органның, лауазымды адамның бастамасы негіз болады. Кодекстің 62-бабында дәйектелгендей, әкімшілік рәсім жолданым қабылданған кезден бастап қозғалды деп есептеледі. Жолданымға қойылатын талаптар анық. Ол ауызша немесе жазбаша түрде болады. Ауызша нысанда берілген жолданымды қабылдаған соң әкімшілік органның лауазымды адамы немесе жұмыскері оны жекелеген хаттамаға енгізеді. Ал жазбаша жолданымда жеке тұлғаның деректерінен бөлек, жолданым берілетін әкімшілік органның атауы; жолданымның мәні; Қазақстан заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Кодекстің 64-бабында жолданымды қабылдау, тіркеу, қайтару және кері қайтарып алудың реті көрсетілген. Жалпы алғанда, талапқа сай дайындалған жолданым міндетті

түрде қабылданып, тіркелуі, есепке алынуы, сәйкесінше қаралуы міндетті. Десек те, жолданым кодекстің 63-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, әкімшілік орган, лауазымды адам арыз иесіне жолданымның қандай талаптарға сай келмейтінін көрсетуі, сонымен бірге, кемшіліктерді жөндеп қайта ұсынуы үшін ақылға қонымды мерзімді белгілеуге құқылы. Ал осы мүмкіндікті пайдаланбай, қателіктерді белгіленген мерзімде жөндемеген жағдайда жолданым кері қайтарылатынын ескеру керек. Мұндай жағдай орын алған күннің өзінде азаматтар жолданымды қайтару қайта жүгінуге кедергі келтірмейтінін ұмытпағаны жөн. Сонымен бірге, арыз иесінің де әкімшілік іс бойынша шешім қабылданғанға дейін жолданымды өзінің жазбаша арызы негізінде кері қайтару мүмкіндігі бар. Міне, осы сатылардан кейін ғана жолданым немесе оның бөлігі бойынша уәкілетті әкімшілік орган, лауазымды адам осы кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік рәсімді қозғайды.

Жолданым қабылданып, әкімшілік рәсім қозғалғанымен, азаматтардың лауазымды адамға қарсылық білдіруге құқығы бар екенін де айта кеткеніміз жөн.

Әкімшілік істерді, оларды есепке алу журналдарын жүргізуді әкімшілік орган Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларының негізінде жүзеге асырады. Жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ, «Электрондық жолданымдар» ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу тәртібі прокуратура органы белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады. Сондай-ақ, мемлекеттік орган басшылары жеке және заңды тұлғалардың жолданымымен жұмысты ұйымдастырып қоймай, іс жүргізудің жай-күйіне дербес жауапты болады.

Яғни, әкімшілік рәсімді ұйымдастыру, жүргізу бойынша атқарылуға тиіс қадамдардың Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстен толық көрініс табуы азаматтардың әуре-сарсаңын азайтып, мемлекеттік органдармен арадағы теңсіздікті жоюға, сол арқылы қарапайым халықтың сенімін нығайтуға ықпал еткенін айта кету керек.

Мақсат САДЫҚОВ,
Алматы облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

МІНБЕР

СУДЬЯ ӘДЕБІ - БАСТЫ НАЗАРДА

Ежелгі Рим данышпаны Марк Туллий Цицеронның «Судья – сөйлейтін заң, ал заң – мылқау судья» деген терең мағыналы сөзі бар. Ғұлама ғалымның осы бір тағылымды тіркесі арада қанша ғасыр өтсе де өз құндылығын жойған жоқ. Содан болар, бүгінгі күні де судья лауазымы «заң, әділдік, төрелік» ұғымымен тамырлас. Төрелік етудің түпкі мәнін терең түсінген Цицерон тағы бір сөзінде: «Адал адам судья орынтағына отырғаннан кейін өзінің бар болмысын, қызығушылығын ұмытады» деп шынайы қазы болудың құпиясын ашады. Ғұламаның бұл ойы да дәл. Оның себебі мынада.

Светлана ЖУЫНТАЕВА,
Қызылорда облыстық сотының судьясы

Жалпы, қай заманда, қай кезеңде болса да судьяға қойылатын талап бір мысқал кеміген емес. Алысқа ұзамай-ақ, өзіміздің би бабаларымызды алайық. Қазақ даласында тек ел мойындаған, халық пір тұтқан, қабілеті мен қасиетіне көпшіліктің күмәні болмаған жандар ғана би болған.

Ал кешегі билердің жолын жалғаған бүгінгі судьяларға қойылатын талап та өте жоғары. Қазақстандағы сот корпусына білікті мамандарды топтастырып, саланы кездейсоқ қадрлардан қорғау үшін судьялықтан үміткерлерге қойылатын талап жыл өткен сайын күшейтіліп келеді. Бүгінде заңгерлік білім алғанның бәрі судья бола алмайтынын жұртшылық жақсы біледі. Сот корпусының белді бір мүшесіне айналғысы келетін үміткерлер жеке «менін» ұмытып, елдің адамы болатынын, қызметтегі ғана емес, қызметтен тыс қадамының да көпшіліктің көз алдында жүретінін есте ұстауы тиіс. Судья болған азамат заңмен қоса, әдептілік қағидатын да басты бағдарына айналдыруы шарт. Оның реті судьялардың Әдеп кодексінде анық көрсетілген.

Әдеп кодексі – әрбір судьяның жан қалтасында, жұмыс үстелінде тұратын маңызды құрал. Қазылардың кісілік келбетіне, адами болмысына қатысты қағидаларды жинақтаған ең алғашқы Әдеп кодексі 1999 жылы 19 желтоқсанда Қазақстан судьяларының I съезінде қабылданғаны есімізде. Одан кейін судьялардың III съезінде сот этикасына қатысты талаптарды күшейту қажеттілігі сөз болып, нәтижесінде 2001 жылы 6 маусымда судьялардың Әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Қазіргі қолданыстағы Әдеп кодексінің негізі Ұлт жоспарында белгіленген 100 нақты қадамға сәйкес жасалған еді. Бұл құжатта қызметтегі судьялармен қоса доғарыстағы судьялардың жүріс-тұрысына, әдеп нормаларына қатысты ортақ тәртіп белгіленген.

Заман бір орында тұрған жоқ. Мемлекет дамып, азаматтық қоғамның белсенділігі артқан сайын сот саласына жүктелетін міндет пен талап та жыл өткен сайын күшейіп келеді. Міне соған орай жаңа Әдеп кодексін дайындап, судьялардың этикасына қатысты міндеттер мен межелерді қайта жолға қою қажет болып отыр.

Судья тәулігінің 24 сағатына да судья. Халық судьяға сот ғимаратында ғана емес, сот залынан шыққаннан кейін де «судья» деп қарайды. Бұған қоса, ғаламтордың шексіз мүмкіндігі, ақпараттық кеңістіктегі еркіндік судьяның жеке өмірі, отбасы, қызығушылығын да алақандағыдай айқын етіп, көпшілік талқысының тақырыбына айналдырады. Содан болар, судьяның кәсіби қызметінен гөрі, қазір әдебі мен әрекеті, жақындары жиі сөз болады. Осы жағдайларды ескере отырып біз судьялардың әдеп нормаларын сақтауына қатысты жұмыстарды бірнеше бағытта жүргіземіз.

Судьялардың әдеп нормасын сақтауы, белгіленген шеңберден шықпауы үнемі басты назарда. Қызылорда облыстық сотында да бұл мәселеге айрықша көңіл бөлінген. Әсіресе, бүгінгідей ақпараттық заманда сот беделіне нұқсан келтірмес үшін әрбір судья өз әрекетін «Жеті рет өлшеп, бір рет кесетіндей» үлкен ұқыптылықпен атқаруы керек. Қазақстанның сот алаңында төрелік етіп жүрген әріптестеріміз өзінің әрбір сөзі, қимылы, әрекеті үнемі көпшілік бақылауында екенін ұмытпауы маңызды. Өйткені, судья тәуліктің 24 сағатына да судья. Халық судьяға сот ғимаратында ғана емес, сот залынан шыққаннан кейін де «судья» деп қарайды. Бұған қоса, ғаламтордың шексіз мүмкіндігі, ақпараттық кеңістіктегі еркіндік судьяның жеке өмірі, отбасы, қызығушылығын да алақандағыдай айқын етіп, көпшілік талқысының тақырыбына айналдырады. Содан болар, судьяның кәсіби қызметінен гөрі, қазір әдебі мен әрекеті, жақындары жиі сөз болады. Осы жағдайларды ескере отырып біз судьялардың әдеп нормаларын сақтауына қатысты жұмыстарды бірнеше бағытта жүргіземіз.

Оның біріншісі – жауаптылықты көтеріп, азаматтармен ашық диалог орнатуға негізделген. Әлеуметтік желінің, ғаламтордың арқасында қазір сот жұмысында шекара жоқ. Республиканың түкпір-түкпіріндегі судьялар әлеуметтік желілерді пікірлесу алаңына айналдырған. Әрбір судья өзінің парақшасында заңдарға түсінік беріп, халықтың сауалына жауап беріп отырады. Бұл бір жағынан алғанда судьяның халық қызметшісі, елге жақын екенін көрсететін тетік. Алайда, әлеуметтік желіде пікір айтудың, сұраққа жауап қайтарудың да өз әдебі болатынын ұмытпауымыз керек. Өйткені, судьяның сөзі – соттың пікірі болып бағаланады. Сондықтан, адамдарды тыңдап, мәселесіне үңілген судьяның кеңесі де «Судья – сөйлейтін заң» деген қағидадан алыстамауы тиіс. Әлеуметтік желідегі жұрттың да судьядан күтетіні заңға сәйкес нақты, түсінікті, күмәнсіз жауап. Судьяның сөзінен терең әдебі мен биік мәдениені, парасаты мен пайымы аңғарылып тұруы тиіс.

Екіншіден, өзгенің қателігінен сабақ алуды ұмытпау маңызды. Расында бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде судьяның әдебіне қатысты материалдар мен жазбалар аз емес. Оның бірінде батыстағы әріптесіміздің сот отырысында телефонға қайта-қайта көз тастағаны сыналса, енді бірінде шығыстағы қазылардың бірінің сот процесінде көңіл-күйі болмай, басқа жаққа алаңдап отырғаны тілге тиек етілген. Осындай жазбаларда судьяның шаш үлгісінің ерекше, ашық боянуы, тырнағының ұзын, тіпті мантиясының үтіктелмегеніне дейін сөз болып жатады. Судьяның сөз қолданысын, тіл байлығын, дауыс ырғағын да сынға алатындар бар. Бұл қателіктерді біз өз арамызда талқылап, талдап отырамыз. Мұның барлығы басқа қазылар жіберген қателіктерді қайталамау үшін, кемшілікке жол бермеу үшін керек.

Үшіншіден, біз сотқа түскен арыздардан бөлек, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде судьяларға қатысты айтылған сын-ескертпенің ешқайсысын елеусіз тастамаймыз. Осы арқылы өзгелерді қателіктен сақтандырып, қиыс кеткендерді түзеуге, өз әрекетінен сабақ алуына жағдай жасауға күш саламыз. Себебі, илегеніміз бір терінің пұшпағы болғандықтан, соттың абыройы мен беделі баршамызға ортақ.

Мысалы, Қызылорда облыстық сотының судья әдебі жөніндегі комиссиясының қарауына әріптестеріміздің бірінің үстінен арыз түсті. Онда судьяның сот процесіне қатысушыны қызметтік бөлмесінде жеке қабылдағаны айтылған. Арыз жазылған судья сот саласында талай жылдан бері еңбек етіп келе жатқан, кәсіби білікті маманның бірі. Бірақ, оның айыпталушыны жеке қабылдап, процестік емес байланысқа түсуі – әдеп қағидасына қайшы. Бұл өзінің беделін ғана емес, бүкіл соттың беделін ойламаудан туған әрекет. Ал беделдің бір күнде қалыптаспайтыны белгілі. Судьяның бір тараптың жеке қабылдауы екінші тараптың сот әділдігіне деген күмәнін туғызады. Сондықтан тәжірибелі судья өзінің ғана емес, бүкіл соттың атына көлеңке түсірмеу үшін мұндай қадамнан бас тартуы керек еді. Жағдай әшкере болған соң кемшілікке орын берген қазының әрекеті комиссия отырысында қаралып, судья әдебі кодексіне қайшы теріс әрекет жасағандықтан, қоғамдық сөгіс жарияланды. Бұл өзге әріптестердің де тараптарды жеке қабылдауына, қандай да бір күмәнді байланыстар орнатуына тосқауыл қояды деген ойдамын.

Судья әдебі жөніндегі комиссияда қазылардың қызметтен тыс кездегі теріс әрекеті де жиі талқыланып жатады. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» екенін ісімен дәлелдеп жүрген қазылардың қоғамдық өмірде де өзгелерге үлгі болуы, жақсы істердің басы-қасында жүруі шарт. Ал өз отбасының мәселесін дұрыс шеше алмаған, жақындарының көңілін таба алмаған судья көпшілікке қандай үлгі көрсетуі мүмкін? Мәселен, жергілікті полиция бөліміне арызданған әйел күйеуінің судья екенін, сондай мәртебелі мамандық иесі бола тұра отбасының тыныштығын бұзып, жақындарына жәбір көрсеткенін айтқан. Кейіннен өзара татуласқаннан, болмаса, күйеуінің мәнсаптық абыройын ойлаған әйел арызын қайтып алған. Бірақ, факт орын алды. Арыз қайтарып алынғанымен, судьяның абыройсыз ісі көпшілікке белгілі болды. Осы ойсыз ісі арқылы судья отбасының ғана көңіліне қаяу түсіріп қоймай, айналасындағы халықтың сотқа қатысты теріс көзқарасын қалыптастыруға түрткі болды. Сондықтан, судья әдебі жөніндегі комиссия өз ішінде дауыс бере отырып, әдеп нормасына қайшы әрекет жасаған судьяға тәртіптік шара қолдану үшін Сот жюриіне ұсыныс пен материалдарын жіберді.

Ақпараттық заманда Судья әдебі кодексінің әр бабын санамызда жаңғыртып, үнемі қайталап отырудан ұтарымыз көп. Себебі, ашықтық пен жариялылықты желеу етіп, судьяның ісін қаралайтындар, сөзінен ілік іздейтіндер аз емес. Ақиқат тек сот алаңында айтылуы керектігін білсе де, соңғы кездері әлі үкімі шықпаған іске қатысты болжам жасап, судьяға әлеуметтік желі, бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен ықпал етуге ұмтылушылар да кемімей келеді. Мұндай келеңсіздіктен құтылудың жолы – судьяның білімі мен ішкі әдебіне тікелей байланысты. Сондықтан, заңнан аттамау, әдептен озбау – парыз!

ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ

ASTER.LTD - ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ МА?

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ ДЕГЕН НЕ?

Ең алдымен, қаржы пирамидасы – бұл жоғары кірісті инвестициялық (қаржылық деп оқыңыз) жобаларды сылтауратып, азаматтардың ақшасын алуды мақсат еткендер кеңсесі. Олар неліктен «пирамида» деп аталады? Шындығында, пирамиданы екі-үш адам құрады, оның ең басында өздері орналасады. Енді осы пирамиданың негізін қалау үшін, әрине, ақшасы бар адамдарды көптеп тауып, қатарларына тарту керек. Ал іс жүзінде кеңсе ешқандай инвестициялық қызметпен айналыспайды. Себебі, сырттан қаржы тарту үшін мемлекеттік лицензия болуы қажет. Ал ол бұларда жоқ. Алдымен сенімділік үшін қаржы пирамидасын ұйымдастырушылар жаңа қатысушылардың қаражатын тарту арқылы ақшалай төлемдер жасайды. Бір-екі төлемнен кейін бұл арна жабылып қалады, содан кейін ғана салымшылар өздерінің алданып қалғанын түсіне бастайды.

Алайда, алаяқтар қазір алдаудың басқа амалын тапқан. Ақшаның орнына олар тауарлар мен қызметтерді ұсынады. Олардың да өзіндік құны бар екені белгілі. Ақша тікелей кеңсенің кассасына түспейді, ол сізге пирамида ұсынған шетелдік круизге жолдама немесе ас үй ыдыстарының жиынтығы, биологиялық белсенді қоспалар сияқты тауарлар мен қызметтер арқылы келеді. Тағы бір айта кететін айла – егер сіз жобаға қатысушы ретінде өзіңізбен бірге екі-үш клиентті алып келсеңіз, онда бұл үшін бонустар аласыз.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Реформалар жөніндегі Жоғары кеңестің отырысында қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимылдың маңыздылығын атап өткен болатын. Президент өз сөзінде: «Қаржы секторын дамыту тұжырымдамасы шеңберінде қаржы пирамидаларының белгілері бар ұйымдарды алдын ала анықтауға, жедел ден қоюға, азаматтарды қаржылық алаяқтардың белгілері туралы хабардар етуді күшейтуге бағытталған шараларды ескеру қажет деп санаймын», – деген болатын.

Қ.Тоқаев келтірген статистика көрсеткендей, 2022 жылдың алғашқы бес айында қаржы пирамидаларын ұйымдастырушылар 27 млрд теңгеден астам сомаға 17 мыңнан астам салымшының мүлкін иемденіп кеткен. Бұл – алаяқтардың қалтасына түскен өте көп қаржы.

Алайда, Бас прокуратураның Қаржы мониторингі агенттігімен бірлесе отырып, әлеуетті қаржы пирамидаларын ерте анықтау тетігін енгізгеніне қарамастан, әлеуметтік желілер арқылы клиенттерді жаңа жобаларымен қызықтыратын, мол пайдаға кенелтуге уәде беретін арамзалар аз емес.

ПИРАМИДАНЫ ҚАНДАЙ БЕЛГІЛЕРІ БОЙЫНША АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

Алайда, осы жылдың ақпан айында ғана тіркеліп, сайттарын ашқан Aster компаниясына оралайық. Олар өзін денсаулық (табиғи тағамдық қоспалар) саласында да, сұлулық тұрғысынан да (косметикалық құралдар) қарқынды дамып келе жатқан халықаралық супер компания деп барынша жарнамалап жүр. Заман талабына сай IT (маркетплейс) қарқынды жүргізуде. Aster.LTD өзі туралы «өндірістің, азық-түлік қауіпсіздігінің барлық халықаралық стандарттарына сәйкес келеді» деп жазады.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА) қаржы пирамидасын алаяқтыққа ұқсас деп атайды. Сонымен қатар, қаржы пирамидаларының белгілері бар субъектілерді алдын ала анықтау мақсатында Агенттік қаржы пирамидаларының 39 белгісінің тізбесін әзірледі. Оның бәрін тізімдеп айтудың қажеті болмас, дегенмен мұндай пирамиданың негізгі белгілерін немесе қырларын ғана береміз.

Алғашқы белгісі – қаржылық реттеуші лицензиясының болмауы. Жоғарыда айтылғандай, қаржы пирамидалары қаржы ұйымдарына жатпайды және депозиттерді қабылдауға, жеке тұлғалардың шоттарын ашуға лицензиясы жоқ. Екінші белгісі – әкелген клиенттеріне өте мол пайдаға кенелесің деп кепілдік беруі және сыйақы беруге уәде етуі. Қаржы пирамидасының үшінші белгісі – құпиялылығы, компанияның құрылтайшылары мен басшылары туралы нақты ақпараттың болмауы, т.б.

Қаржы пирамидасының басқа да белгілері – интернетте және әлеуметтік желілерде қарқынды жарнамалау, атауларда, жарнамаларда оларды танымал компанияларға немесе брендтерге ұқсататын сөздерді қолдану. Кеңсенің болмауы, заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның номиналды тіркеу орнының болуы. Сондай-ақ, нарықтық деңгейден әлдеқайда жоғары кепілдендірілген кірісті төлеуге уәде бере отырып, жоқ активтерге немесе жобаларға инвестициялар тарту. Қаржы пирамидасымен байланысудың негізгі белгілері осындай.

«ЖҰЛДЫЗДЫҢ» АТЫН ЖАМЫЛЫП...

(Күріштің арқасында күрмек су ішер)

Ендігі біздің міндетіміз – шағымданушылар хабарлаған және әлеуметтік желілерде жарнамасы жер жарып тұрған aster.market сайтының, Aster.LTD компаниясының қызметі осы белгілерге жататын-жатпайтынын анықтау.

Aster.LTD компаниясы, біз анықтағандай, қаржы ұйымы болмай шықса, онда оның халықтан ақша тартуға рұқсат беретін мемлекеттік лицензиясы жоқ. Сонда бұл пирамида болғаны ма? Ендеше, мол пайда табуға шақыратын екінші белгі бойынша зерттеп көрейік. Aster.LTD және aster.market сайттарынан алынған компанияның маркетинг жоспарына сүйенсек (скриншоттар қоса беріледі), инвестициялық жоба авторлары 10-нан 50 пайызға дейін старт-бонустар түрінде қаржы төлеуге уәде береді. Мысалы, «қола» пакет үшін қалтасынан 15 мың теңге төлейді. Ал «платина» үшін 366 мың теңге көлемінде ақша шығаруға тура келеді. Егер сіз өзіңізбен бірге адамдар алып келсеңіз, онда сізге артықшылыққа ие клиент ретінде асқан «жомарттықпен» Aster.LTD кеңсесінің кассасына түсетін соманың 10-50 пайызы бонусқа беріледі.



Енді компанияның өзі, қарқынды жарнамасы, құрылтайшылары және күмәнді жобаларына тоқталайық. Бұл пирамиданың үшінші белгісіне сәйкес келеді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Aster.LTD жақында ғана тіркелген. Компанияның басшылары Берік Өскембаев (президент) және Алтынкүл Қожасаева (директор) болып есептеледі. Айтпақшы, Өскембаев және басқа да ұйымдастырушылар тек Tik-Tok, Facebook-те ғана емес, басқа да телеграмм-арналарда белсенді үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде. Алданған шағымданушылар санының көп болуына қарағанда, жұмыстары жаман жүріп жатпаған сияқты.

Шағымданушылардың айтуынша, Aster компаниясының негізін қалаушы боп табылатын Әлия Рахмановаға да аз-кем тоқтала кетсек. Оның бір басында заңға қайшы әрекеттер жетіп-артылады. 2021 жылдың 12 наурызында Рахманова басты рөлді ойнаған «Unnnity corporation» қаржы пирамидасын құру және оған жәрдемдесу бойынша қылмыстық іс қозғалған. Бір жарым жылдың ішінде бұл компанияның айналымы 7 млрд 685 млн теңгені құраған. Сол кезеңде қаржы пирамидасының 10 көшбасшысы, ішінде А. Рахманова да бар, қаржы пирамидасын құруға және басшылыққа көмектескені үшін айыпталды (ҚР ҚК 28-бабының 5-бөлігі, 217-бабының 3-бөлігінің 2-тармағы). А.Рахманова «Unnnity corporation» компаниясында жұмыс істеген кезінде бонус ретінде 17 млн теңге алған.

2021 жылы Ақтөбе қаласының №2 соты оны соттап, жазасын кейін өтеу туралы үкім шығарды. Оның мойнында әлі 72,5 млн теңге қарызы бар. Алайда Әлия Рахмановаға бұл сабақ болмады, ол түзелудің орнына бұрынғы әдетіне қайта басты. Сөйтіп, Aster.LTD компаниясының көшбасшысы болды. Төрт айдың ішінде ол Royal мәртебесіне қол жеткізе алды. Енді ол компанияның жетекші акционері болып есептеледі және ақылға сыймайтын сомадағы мол табысқа ие (деректер ашық көздерден алынған).

«Aster» (жұлдыз) атауына келетін болсақ, бұл – кордицепс пен лингжи дәрілік саңырауқұлақтарындағы препараттардың ресми дистрибьюторы болып табылатын ASTER (АСТЕР) халықаралық компаниясының танымал бренді.

ҚОСПАЛАРДЫ ҚОЛДАН ЖАСАУШЫЛАР

Пирамида кеңсесінің ұйымдастырушылары биологиялық белсенді қоспаларды сатудың жаңа арнасын ашуға шешім қабылдады. Аса бас қатыратын мәселе емес, бұл препараттарды елге әкелуге тыйым салынбаған. Оның үстіне Қазақстанда медициналық препараттар мен олардың айналымын бақылау да онша қатаң емес. Сертификаттар қажет дейді, оларды кез келген кеңседен басып шығаруға болады, әйтеуір, пирамида емес қой. Шағымданушылардың айтуынша, алты түрлі биологиялық белсенді қоспаға өнімнің сәйкестігін дәлелдейтін тек бір ғана азық-түлік декларациясы беріледі, бұлай істеуге қатаң түрде жол берілмейді. Несі бар, бұл дәріхана емес қой, сондықтан дәрі-дәрмектер айналымына құзырлы орган тарапынан санитарлық-эпидемиологиялық бақылау жасалмайды.

Жәбірленушілер Aster.LTD биологиялық белсенді қоспалар сатудан бөлек, оларды шығаратын зауыт ашқаны, онда аталған қоспаларды өздері жасап шығарып жатқаны туралы хабарлаған кезде, мен шошып кеттім. Бізде биологиялық белсенді қоспаларды ешқандай ғылыми тәжірибесіз, ас үйде жүріп-ақ жасай алатын ақылдылар пайда болған ба? Айтпақшы, маркетинг жоспарларында

Суреттер www.Aster7ltd парақшасынан алынды

олардың қолдан жасалған биологиялық белсенді қоспалары қандай да бір клиникалық сынақтардан өткені көрсетілген. Қандай сынақтан өтті екен? Неге екені белгісіз, осы «жаңалықтардың» барлығы қандай да бір себептермен Денсаулық сақтау министрлігінің, Дәрі-дәрмектерді қадағалау комитетінің назарынан тыс қалыпты.

Биологиялық белсенді қоспаларды өндіру саласындағы сарапшы (фамилиясын көрсетпеуді сұрады) әлеуметтік желілерде бұл өнімдерді сату фактісін түсіндіріп берді. Оның айтуынша, биологиялық белсенді қоспалардың әрқайсысының мемлекеттік тіркелуі туралы сертификаты болған жағдайда, оларды тек дәріханаларда және мамандандырылған дүкендерде сатуға болады. Бірақ биологиялық белсенді препараттарды шығаратын зауыт немесе цех ашу өте қиын. Бұл базарда кептірілген шөптерді сату емес. Мұнда заңнамамен және қауіпсіздіктің техникалық талаптарымен реттелетін медициналық препараттарды өндіруге ғана емес, сонымен қатар жабдықтарға, технологияларға және мамандарға да ерекше талаптар қойылады.

Құдай сақтасын, егер осы қолдан жасалған қоспаларда адамның ақыл-ой қызметіне әсер ететін саңырауқұлақ зеңдері болса ше? Ас үйдегі «данышпандар» ғылыми зертханаларда арнайы медициналық зерттеулер жүргізді деп ойламаймын. Бірақ олардың қолдарында барлық зерттеу қорытындылары бар. Шындығына келгенде, бұл уәкілетті органдар назарын аударатын өзекті мәселе.

Шеберхананың қайда екенін ешкім білмейді. Бірақ Aster.LTD компаниясы кеңсесінің мекенжайы сайтта көрсетілген: Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 150 үй, Н.П. 824. Басқа ешқандай байланысу тетіктері де, телефон нөмірлері де жоқ. Жатқан бір жұмбақ. Бұл – аталған кеңсенің көңілге ешқандай сенімділік ұялатпайтынының тағы бір көрінісі.

ҚАРЖЫ ҚАДАҒАЛАУ АГЕНТТІГІ НЕ ДЕЙДІ?

Көріп отырғаныңыздай, Aster.LTD компаниясы барлық белгілер бойынша қаржы пирамидасына ұқсайды. Алайда шынымен солай ма әлде жоқ па, оның анығын тек Қаржы мониторингі агенттігі немесе ІІМ, Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаменті сияқты құзыретті органдар ғана нақты айта алады. Айтпақшы, Қылмыстық кодекске қаржы пирамидасын жарнамалағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейтін 271-1-бап енгізілді және олардың құзыретіне сотқа дейінгі істерді тергеу кіреді.

Өткен жылы газетімізде («ЮГ», 11 қараша 2022 ж.) қаржы пирамидалары туралы жазылды. «Қаржы пирамидаларына қашан тыйым салынады?» мақаласында Қазақстан Республикасында қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің бас маманы Дмитрий Акмаев: «Адамдар қаржы пирамидаларына ақша салуды тоқтатпайынша, олар қызметін тоқтатпайды. Қаржы пирамидалары кетеді, жасырынып қалады, бірақ олардың орнына басқалары келеді. Егер қаржы пирамидасының «халықаралық» деген анықтамасы болса, онда оған жолаудың қажеті жоқ, өйткені ол шетелде тіркелген және сізді одан ешкім қорғамайды.

Біз компанияларды, сайттарды қалағанымызша жауып, оған қатысы бар адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарта аламыз, бірақ азаматтар ақшаны өз бетінше беруін тоқтатпайынша, қаржы пирамидалары да жұмысын тоқтатпайды. Алаяқтардың айла-шарғысына алданып қалмау үшін, қаржылық сауаттылығыңызды арттырыңыз. Егер сіз қаржы пирамидасына тап болсаңыз, «Fingramota Online» мобильді қосымшасының көмегімен немесе қалалық телефоннан «1459» нөмірі бойынша call-орталыққа қоңырау шалу арқылы қаржы реттеушісіне хабарласа аласыз.

«БАҚ туралы» заңның (18-1-бап), ҚІЖК (183-бап) талаптарына сәйкес, бұл жарияланым Aster.LTD компаниясының заңсыз қызметіне қатысты Қаржы мониторингі агенттігіне ресми сұрау салу болып саналсын. Өткен аптада ғана ҚМА төрағасы Жанат Элиманов Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевқа өз ведомвосының жұмыс нәтижелері және азаматтарды алаяқтық схемаларға тартудың алдын алу үшін 22 қаржы пирамидасының қызметі тоқтатылғаны, салымшылардың 1,9 млрд теңге көлеміндегі шығыны өтелгенін, 5,3 мыңнан астам сайттар мен аккаунттардың бұғатталғаны туралы баяндады.

Әрине, мақтауға тұрарлық жайт. Алайда, ҚМА қызметкерлері біз сипаттаған қаржы пирамидасы және Aster.LTD компаниясының заңсыз әрекеттерінің жолын кесу туралы не айтар екен? Оны уақыттың еншісіне қалдырайық.

((Материал құжаттардың, шағымдардың, Aster.LTD, aster.market сайттарынан алынған скриншоттардың негізінде дайындалды).

Олег ДОМАЕВ

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Серік БАЙБАТЫРОВ, қоғам қайраткері, сот саласының ардагері, Алматы облысының Құрметті азаматы:

«ҚОҒАМНЫҢ АЛДЫНДА

(Басы 1-бетте)

Қоғамдағы тепе-теңдікті сақтап жүрген, міне, осындай қарапайым отбасынан шыққан талапшыл жастар. Ал елдегі жастардың басым бөлігі тамыр-таныспен институттарды тәмамдайды. «Көкелері» дайындап қойған қызмет мамандығына сай келмесе де орналасып, «майлы кресло роботтарына» айналады. Жас әрі қалтасы қалың болған соң алданыш жетіп артылады. Сөйтіп уақыт шіркін зырылдап өте береді. Өкінішке қарай, оңай берілген қызметтің қадірі болмайды.

Тұтастай алғанда, біздің еліміздегі білім саласы өте нашарлап кетті. Менің сараптауымша, біз 1990–2020 жылдар арасындағы отыз жылда бір ұрпақты, бір дәуірді жоғалтып алдық. Қалай? Осы тұста мектептің беделін, қоғамдағы орнын, құндылығын түсіріп жібердік. Білімді мұғалімдер айлық жалақыларын ала алмай күнкөріс үшін базарға кетті (Бұл қатарда дәрігерлер де бар). Нәтижесінде мектептерде білім беру сапасы төмендеді. Мемлекет тарапынан берілген еркіндікті пайдаланып жарыса ашылған институттар балаға дұрыс білім беруді емес, табыс табуды мақсат етті. Соған орай талапкерлерді біліміне қарап іріктемей, ақы төлегенін оқуға қабылдап, көк, қызыл дипломдарын оңды-солды таратты. Қазір үш-төрт дипломы бар балалар арамызда өріп жүр. Шыны керек, ақшамен институтты бітірген адам ақшамен қызметке орналасып, қалтасы қалыңдаған сайын дипломдарды сатып ала берді. Тіпті, кейбір жастардың өмірбаянына қарап шексіз қайран қаласың. Бір жерде басшы болып отырып бірнеше университетте қатар білім алғанын көрсететіндер бар. Сөйтіп жүріп шетелдерде тағылымдамадан өтуге де уақыт тапқан. Қалай үлгерген? Қайтіп уақытты үйлестірген? Күндіз қызмет етіп, түнде білім алған ба? Қисынға келмейтін дүниелер. Бірақ, біз сол қисынсыз дүниеге көзсіз сенетін болдық. Ал осы әмбебап мамандардың басым бөлігі заңгерлер. Соларды тізіп қойып сынаққа алсаңыз заңгер екенін сол адамның өзі көрсетіп бере алмауы мүмкін. Заңның қайдан шығып, қайда тарайтынын ұқпайды. Бүгінде біз әліпті таяқ деп танымайтын осындай ұрпақтың қолына билікті бердік. Міне, сөйтіп 30 жылда бір ұрпақты жоғалтып алдық. Бізде бәріне бостандық берілсін дегенді пысықайлар жеке мақсатына пайдаланды. Облыс, ірі қалаларды былай қойғанда, алақандай Сарыағашта төрт университет ашылды. Айналайын-ау, кезінде Қазақстан Республикасында бір ғана университет ҚазМУ болған. Ал қазір ірі аудандардың өзінде жеке білім ошақтары маман тәрбиелеп жатыр.

– Жастардың біліміне, талабына, ынтасына көңіліңіз тола ма?

– «Заман талабы, өркениетті елдер қатарынан орын алуымызға жол ашады» деген жалған желеумен билікке жастарды тартқанымызға біраз болды. Бұл – сол кездегі мемлекеттің бір кемшілігі. Жастарды жоғары лауазымды қызметке тарту деген саясат дұрыс болмады. Жан қиналмай жеткен биіктің, еңбектенбей жеткен мәнсаптың қадірі болмайды. Әсіресе, енді жаңа өмір бастағалы отырған жастарға бірден жоғары лауазым ұсыну қате. Жұмыс бойынша белгілі бір тәжірибесі жоқ, қиындыққа ысылмаған, қарапайым мәселелерді шешуге қабілетсіз, адамдармен дұрыс тіл табыса алмайтын жастардан қандай нәтиже күтесіз? Біліктілік, кәсібилік, шеберлік деген тәжірибемен келеді. Бес дипломың болуы мүмкін, бірақ, тәжірибең болмаса оның бәрінің құны көк тиын.

Мықты кадрлар қалыптастыру мақсатында жастарға мемлекеттік бюджеттен милиондап ақша төленіп, шет елдерде білімін жетілдіруге жағдай жасалды. Сол білімді жастардың арасында мамандығы бойынша жұмыс таппай жүргендер аз емес. Жастарды оқытуға, білімін шыңдауға көңіл бөлінгенімен, жұмысқа орналастырудың механизмі жасалмаған. Жұмысқа кіргенде тамыр-таныстық, ақшаның кесапатынан қоғам да, өмір де бұзылды. Мемлекеттің қателігі осы болды. Әйтпесе, біз қай елден кембіз? Байлығымыз да, жеріміз де жетеді. Халқымыздың саны ғана аз. Соған қарамай біз осындай жағдайға жетіп отырмыз. Бір ұрпақты жоғалтып алдық дегенім сол.

– Білім беру саласындағы сапаны қалай көтеруге болады?

– Дүниенің тұтқасы – мектеп. Жастар мықты болуы үшін мектептегі білім, тәрбие күшті болуы керек. Барлық баланың зейіні мектептен ашылады. Кеңес өкіметі тұсында жоғары оқу орындары мен орта оқу орындарының министрлігі бөлек болатын. Бұл сапаға баса назар аударылғанын аңғартады. Кейін министрлікті қосып, алып қойыртпақ қылып жіберді. Ал, енді салаға көңіл бөлі үшін Білім және ғылым министрлігі ҚазМУ-ден бастап барлық жоғары оқу орындарын аттестациядан өткізуі керек. Жөн-жобасыз, жеке бастың пайдасы, табыс көзі ретінде ашылған заң факультеттерін шетінен жапқан дұрыс. Қазір басқа жоғары оқу орындарын былай қойғанда, Аграрлық университетте заң факультеті бар. Ол қандай білім береді?! Аграрлық университеттің заңгерлерге қандай қатысы бар? Бұл университет өз саласы бойынша зоотехник, агроном, мал дәрігерлері, инженер-механиктерді оқытып шығарсын. Ал судья болғысы келген адам ҚазМУ-ға оқуға түсе алмайтындықтан, ақшасын төлеп Ауыл шаруашылығы университетіне өтіп кетеді.

Бұл мәселе тек заңгерлерге ғана қатысты емес. Барлық сала мамандарын арнайы салалық оқу орындары дайындағаны жөн. Экономистерге экономика институты дәріс берсін. Медицина институтында заңгерлер мен экономистерді дайындаудың қажеті жоқ. Оқу орындары салық төлемейтіндіктен пайда табу мақсатында түрлі мамандықтар бойынша факультеттер ашады. Жыл сайын ана институт жабылады деп жалған ақпарат таратқанша, жоғарыдан әр институтқа нақты мамандық бойынша студент қабылдап, оқыту туралы заңнама бекітіліп, бақылануы керек.

Біздің заманымызда бір институтта үш-төрт адам ғана қызыл дипломмен бітіретін. Қазір екінің бірінің қолында табақтай қызыл дипломы бар. Сонда бәрі керемет болып кетті ме? Қызыл диплом қызыл ақшамен алынады, басқа түк жоқ. Сөйтіп отыз жылда мемлекет білім беру саласын құрдымға жіберді.

Кеңестік заманда ең жақсы оқыған әрі үлгілі оқушы мұғалімдер даярлайтын оқуға түссе, отыз жылда керісінше ең жаман оқыған оқушы мұғалімдер институтына оқуға түсті. Мектепте жаман оқып, дипломды сатып алған адам жас балаға қандай білім береді? Оқушыға сапалы білім беретін, дұрыс, толық түсіндіретін мұғалім керек. Жылдар бойы қалыптасқан осы дағдыдан ажыраған соң, біз әлі күнге сапалы білімге қол жеткізе алмай келеміз.

Бұрын ауыл мен қала мектебінің арасында айырмашылық жоқ еді. Өзіміз сол ауылда оқыдық. Сараптасақ қалалардағы мекемелерде мықты жұмыс жүргізіп отырған азаматтардың 70 пайызы ауылдан шыққан, ауыл мектептерінде білім алған адамдар. Қазақтың басым бөлігі ауылда тұратындықтан, ауыл мектебіндегі білім беру сапасын жақсарту, көтеру керек. Рас, ауыл мектебіне біртіндеп жағдай жасалып жатқандықтан, мұғалім болуға ниет танытып, ұмтылушылар көбейіп барады. Енді осы игілікті тоқтатып алмауымыз керек. Білім министрі қандай да бір ұсынысын Президентке, Үкімет басшысына айтып, дәлелдеп өткізер. Бірақ қоғамның алдында түпкі ойы ақша үнемдеуді, қымқыруды көздеген ұсынысын дәлелдей де, өткізе де алмайды.

Білім саласы реформа деген сылтаудан құтылуы керек. Осы сала тәуелсіздік алғалы реформадан көз ашпады. Әр министр келген сайын өзін көрсету үшін жаңалық ашқан болады. Сонысы шетелдің көшірмесі. Жаңашылдықты ұсынғанда қазақтың болмысына, менталитетіне қарап жатқан ешқайсысы жоқ. Соның салдарынан мектеп мен балалар реформашыл басшылардың «тәжірибе құралына» айналды. Біздің білім саласындағы қателікке ең алдымен осы мәнсап үшін миға сыймайтын бастама ойлап тапқыш министрлер кінәлі.

Ал кеңестік тәжірибеде қандай да бір тың тақырып туындай қалса, оны іске асыру жоспары жасалып, төменнен жоғарыға дейін жан-жақты талқыланатын. Ауыл мұғалімдерімен кездесіп, пікір алмасқанымда Аймағамбетов деген министрдің жақсы істерін тізбелеп берді. Бірақ оны көп отырғызбады. Міне, біздің кемшілігіміз – бір адам елге қызмет етіп көріне бастаса, есебін тауып қызметінен тайдыра қоямыз. Жұмыс істетпейміз. Негізі жақсыны жамандаушылар бар ғой. Бізді құртатын – кадрлық саясат. Бұл саясат білім беру саласында мектептен басталады. Кеше ғана жоғары оқу орнын сырттай бітірген адамды директор етіп бекітеді. Бұрын Білім басқармаларын, департаменттерін айтпағанда, Білім министрі болу үшін бес жыл бойы жұмыс істеп нәтижесін көрсететін. Сондықтан министр етіп тағайындадыңыз ба, бес ай қызметінен кетірмей өз қабілетін, өз жұмысын көрсетуге мүмкіндік беру керек. Бізде бүгін тағайындалған адам көп өтпей қызметінен шеттетіледі немесе сотталады. Тіпті, халық аты-жөнін есінде сақтап та үлгермейді. Қалай екені, жаңа тағайындалған сол басшылар айналдырған азғантай уақытта бір-екі миллиардты ұрлап үлгереді. Өйткені, өмір соған алып келді. Барлығы ақшаға айырбасталады. Бұл неғылған кадрлық саясат? Бізде бастықтар мен министрлер ауысса, қалыптасып келе жатқан жұмыстың тас-талқанын шығарады. Себебі, өзінің қанша уақыт жұмыс істейтінін білмейді. Сосын асығыс жұмыс жасап, айналасын бұлдіріп кетеді. Менің түсінігімше, мектеп директоры мықты болуы керек. Сонда мұғалімдер сол кісідей болуға талпынып, тартынады. Білімді директор білімсіз мұғалімді көп ұстамайды.

– Ал сот жүйесіндегі жағдай қалай? Бүкіл өміріңізді, еңбегіңізді, күш-қайратыңызды арнаған салада қандай олқылықтар бар?

– Сот жүйесінде 41 жыл еңбек етіп, оның 37 жылында судья болдым. Құдайға шүкір, адал еңбек еткендіктен қоғамда жүзім жарқын. Ұрпағыма ұялмай қарай аламын. Әсілі, адамда намыс болуы, елге-жерге қызмет істеуі керек. Бүгінгі күні ешкім абыройды, ар-ұжданды ойламайды. Тек тездетіп баюды қарастырады. Бұлай біз өркениетті мемлекет бола алмаймыз. Бүкіл Қазақстанның байлығын 162 адам ұстап отырғаны айтылып та, жазылып та жүр. Сол адамдар сол байлықпен қайда барып жатыр? Түсінбеймін, Тимур Құлыбаевтар миллиардтаған ақшаны не істейді? Қайда апарады? Асып бара жатса елден артықтау тамақ ішер, сәнділеу киім киер. Сол ақша ертең қайда қалады? Қатталған қағаз соларға опа бере ме?

Кеңес өкіметі кезінде екі жарым мың рубль ұрлаған адамды ату жазасына кесетін үкім шығарылатын еді. Қазір миллиардтап ұрлайды да, сол қаражаттың бір бөлігін «тиісті тұлғаларға» беріп қызметін ауыстыра салады. Алысқа барудың керегі жоқ. Абылай Мырзахметовті мысалға алайық. Сол «мықтыны» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының өзі соттады. Миллиардтарды жеген адам тек шартты түрде сотталды. Міне, факт. Бұл не деген сұмдық? Мырзахметов соттан шыға салып Құлыбаевтың қолдауымен «Атамекенге» бастық болды. Бұл жасыратын мәселе емес. Ел-жұрт жақсы біледі. Сөйтіп құныққандығы сол, соттарды сатып аламын деп жақында 30 млн доллармен ұсталып қалды. Қылмысы әшкереленді. «Дәніккен қарсақ құлағымен ін қазадының» кері осы.

Кеңес өкіметі кезінде мен ауданда қатардағы судья болып қызмет істедім. Соттар партияға бағынып кетті деген сандалбай сөз. Коммунистік партия бүгінгідей кабинетке шақырып алып «мынаны былай шеш» деп айтпайтын. Дәті жетсе «қараңыз» дейді. Мен ұлты орыс облыстық сот төрағасымен де, партия хатшыларымен де қызметтес болдым. Оларға заңды түсіндірсең ұғып «жарайды, заң бойынша шеш» дейтін. Қазір олай емес. Облыстық соттың төрағасы, Жоғарғы Соттың төрағасы не айтады, судьялар соны істейді. Сөйтіп соттың абыройын түсіріп алдық. Қазір судьямын деп айтуға ұялатын жағдайға жеттік. Өйткені, әділеттілік жойылып барады. Мемлекеттің ең керемет тағы бір жылдары сот делегациясымен Германияда болдым. Германияның канцлері біраз жерді жекешелендіріп алып, саяткерлік мекенін жасатады. Қажетінше жүзім көшетін отырғызған алаңқайда оқшау тұрған бір жел диірмені көзіне түседі. Ол диірмен қазір де тұр. Диірменнен гөрі, патшаны жер телімі көбірек қызықтырса керек. Маңында жүргендерге «мына жел диірменін алып тастап, жер телімін менің жеріме қосыңдар» деп тапсырма береді. Жел диірменінің иесі қарапайым шаруа екен. Ол өз меншігін бергісі келмей, корольді сотқа береді. Сот диірмен иесінің арызын заңды деп танып, талап арыз берушінің ісін заңсыз деп шешім шығарады. Ал бізде қалай? Жер телімдерін былай қойғанда, адам аяғы баспайтын тауға дейін Болат Назарбаев тартып алып жатқанда әкім қайда қарап отырды? Бұл елде сот билігінің жоқтығын көрсетеді. Бұл жерде жалғыз Болат кінәлі емес. Әкімдер, Қоғам кінәлі. Ел де, әкімдер де кезінде сотқа жүгінбеген. Өйткені, халық, соттың, Болатты қолдайтынын біледі.

...бір жылдары сот делегациясымен Германияда болдым. Германияның канцлері біраз жерді жекешелендіріп алып, саяткерлік мекенін жасатады. Қажетінше жүзім көшетін отырғызған алаңқайда оқшау тұрған бір жел диірмені көзіне түседі. Ол диірмен қазір де тұр. Диірменнен гөрі, патшаны жер телімі көбірек қызықтырса керек. Маңында жүргендерге «мына жел диірменін алып тастап, жер телімін менің жеріме қосыңдар» деп тапсырма береді. Жел диірменінің иесі қарапайым шаруа екен. Ол өз меншігін бергісі келмей, корольді сотқа береді. Сот диірмен иесінің арызын заңды деп танып, талап арыз берушінің ісін заңсыз деп шешім шығарады. Ал бізде қалай? Жер телімдерін былай қойғанда, адам аяғы баспайтын тауға дейін Болат Назарбаев тартып алып жатқанда әкім қайда қарап отырды? Бұл елде сот билігінің жоқтығын көрсетеді. Бұл жерде жалғыз Болат кінәлі емес. Әкімдер, Қоғам кінәлі. Ел де, әкімдер де кезінде сотқа жүгінбеген. Өйткені, халық, соттың, Болатты қолдайтынын біледі.

БІТІМ

МЕДИАЦИЯНЫ ДАМЫТУҒА ЖАҢА ТЕТІКТЕР КЕРЕК

«Ел іші даусыз болмас» дегендей, қоғам болған соң дау-дамай орын алмай тұрмайды. Сондықтан, қандай мемлекетте болсын дау-жанжалды реттеу мәдениетін қалыптастыру басты мәселелердің бірі саналады. Бұл ретте медиация институтының маңызы зор. Соған орай, сотқа дейінгі дауды реттеу институттарын қоғамымыздың барлық саласында дамытуға айрықша көңіл бөлініп жатыр. Қазақстан 2019 жылы Сингапурда өткен БҰҰ-ның Медиация туралы конвенциясына қол қойды.

Араздасқандарды райларынан қайтарып, жарастыру, оларды ортақ мәмілеге келтіру өте күрделі процесс. Осы себепті, заң таңдау мүмкіндігін тараптардың өздеріне береді, яғни, медиация ешкімге міндеттелмейді, ерікті түрде жүзеге асырылады. Алайда, біз сотқа келушілерге кикілжің атаулыны ортақ мәмілемен бітірудің өздері үшін ғана емес, мемлекет үшін де пайдалы екенін, ер татулығының соңы ел татулығына ұласатынын жеткізуге тырысамыз.

Бабаларымыз «Өспес елдің баласы өнбес дауды қуалайды» дегенді бекер айтпаған. Қуанарлығы, өнбес даудың соңында жүрудің машақаты көп екенін түсінетіндер қатары көбейіп келеді. Медиация институтының дау шешу мәдениетін қалыптастырудағы тиімділігін өркениетті елдер тәжірибесінен де көруге болады.

Дауды өзара келіссіммен бітіруде ел заңдарымен барлық мүмкіндік қарастырылған, мысалы, тараптар мүдделілік танытса дауды барлық сот сатысында немесе сот процесінің кез келген уақытында тиімді шеше алады. Яғни, аталған кодекстің 17-тарауына сай, татуласу келісімін бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда сот шешімі шыққанға дейін, сондай-ақ, сот актісінің орындалуы кезінде де жасауға болады. Судьялар процестің барлық сатысында дауды реттеуге көмектеседі. Әрі заңмен соттан тыс шешілген даулардың орындалуы да қамтамасыз етілген.

Медиация рәсімі азаматтық даулар бойынша шарт жасаған күнді қоса есептегенде отыз күн ішінде аяқталады. Қажет болған кезде тараптардың келісімімен бұл уақыт тағы бір айға ұзартылады. Даулы іс соттың қарауына беріліп қойғанның өзінде оны сұратып алып, медиаторларға беруге болады. Бұған қоса олар дауға қатысты өзіне тиімді шарттарды ұсынуға және татуластыру рәсімдерін жүргізуден кез келген уақытта бас тартуға құқылы. Бітімгершілік институтының басты ерекшеліктері де осында.

Азаматтық процестік кодексте татуласу келісімі, медиация тәртібі, партисипативтік рәсім, сондай-ақ, дауды сотқа дейінгі реттеу хаттамасы бекітілген. Бұлардың ішіндегі соңғы енгізілгені дауды сотқа дейінгі реттеу хаттамасы. Осы жайлы айтып өтсек, аталған кодекстің 73-бабына сай, бірінші саты сотына дәлелдемелерді хаттаманы жасай отырып, талап қоюды қабылдаған кезде береді. Тараптар хаттаманы өздері жасайды немесе медиатор мен адвокаттың көмегіне сүйенеді. Хаттамада тараптар өз талаптары мен қарсылықтарына сілтеме жасауға, сондай-ақ, іс сотта қаралған жағдайда пайдаланғысы келетін дәлелдемелерді ашу, ұсыну және алмасуға қатысты жасайтын әрекеттерін көрсетуге құқылы. Сонымен қатар, дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында да, сот талқылауы кезінде де ұсына алады. Дәлелдемелер сот талқылауы барысында берілген жағдайда оның негізді себептері келтірілуі тиіс.

Хаттаманы жасау барысында даласушылар мен іске қатысы бар адамдардың туындаған мәселе бойынша бетпе-бет отырып, ашық сөйлесу мүмкіндігі бар. «Бет көрсе, жүз ұялар» демекші, ашық әңгіме мен нақты дәлелдемелер өз кезегінде даудың бейбіт жолмен бітуіне әсер етеді.

Медиация институты қоғамдағы даукестік деңгейін төмендетуімен ғана емес, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуымен де маңызды. Алайда, жұртшылық әлі де болса соттарға жүгінгенді жөн көреді. Мұның басты себептерін насихат жұмыстарының, сондай-ақ, азаматтық істерді қарау уақытының аздығымен, мемлекеттік баж құнының төмендігімен, т.б. байланыстыруға болады. Мысалы, Англияда дау-жанжалды шешуде жедел желі жұмыс істейді. Оған хабарласқан адамдарға мәселені шешу бойынша кеңестер беріліп, медиаторлар тізімі ұсынылады екен. Бізде де осындай арнайы қызметтер ұйымдастырылса, медиация рәсімдерінің қолданыс аясы кеңейер еді.

Әсет БОРАНБАЕВ,
Алмалы аудандық
№2 сотының судьясы
Алматы қаласы

ЖҮЗІМ ЖАРҚЫН»

органы сот болуы керек. Сот таза болса, бәрі дұрыс шешіледі. Сотқа барып әкімнің де шешімін бұздыруға, прокурордың да, полицияның да заңсыздықтарын ашып, ақиқатқа қол жеткізуге болады. Гректерде «Арзан сот мемлекетке қымбатқа түседі» деген сөз бар. Біздің елдің соты тура сол айтқандай арзан сот болып кетті. Сотқа қазір тамыр-таныспен, ақшамен барады. Бұл қызыл сөз емес. Талай жағдайды білемін.

Осы Алматыда судья болам деп жүгіріп жүрген бір жігіт Талғарға барып судья болды. «Қаншаға өттің?» деп едім «150 мың доллармен өттім» деді. Өз аузымен айтты. Жеті-сегіз айдан соң сол ақшаны қайтару үшін әрекет етіп жүріп парамен ұсталып, сегіз жылға сотталып кетті. Міне, қоғам осылай шіруде. Бұл ойдан шығарған сөз емес, болған оқиға. Мен сол жігітпен сөйлесіп «сен сотқа өте алмай жүр едің ғой» дегенімде «аға, сонша ақша беруге мәжбүр болдым» деді.

– «Арзан сот мемлекетке қымбатқа түспес» үшін не істеу керек?

– Егер мемлекет сот жүйесін реттейміз десе, судьялардың айлық жалақыларын көбейтуі керек. Судья материалдық қажеттілікке алаңдап анау-мынауға қарамауы керек. Судьялардың жағдайы жақсарып, нақты өмірде тәуелсіз болғанда заң бұзылмайды.

Заңгер ретінде тағы бір ақиқатты ашсам, Бас Прокурор Бергей Рысқалиевтің ісі бойынша тәркіленген ақшасын қайтару туралы Жоғарғы Соттың Пленарлық отырысына наразылық келтірді. Мұндай жағдай бұрын-соңды болмаған. Үкім баяғыда күшіне енді. Арада біраз жыл өтті. Бірақ сорақылығы сол, Жоғарғы Соттың төрағасы Бас Прокурордың наразылығын қабылдап, Бергей Рысқалиевтің ақшасын қайтарды. Сот тәркіленген ақшаны қайтару үшін қылмысы жоқ деп Рысқалиевті ақтауы керек еді. Бірақ, Бергей Рысқалиевті қылмыскер деп таныды. Нонсенс! Пәленбай миллион ақшаны жеп қойды деп айта тұрып, сол лас ақшаны, қылмыспен келген қаржыны қайтарып береміз. Соны оқып отырып сотта – сот, прокурорда – прокурор қалмаған екен деген ой түйдім. Кім айтса да бұл заңға келмейді деп түсіндіру керек қой. Айтты екен деп ләппайлай беру сот билігіне абырой әкеле ме? Дәл осы жағдайда Президентке Жоғарғы Соттың төрағасы ма, Бас Прокурор ма барып, жағдайды заңға сүйене отырып түсіндіріп айтуы керек еді. Меніңше заңды Президент түсінеді деп санаймын.

Кезінде Нұрсұлтан Назарбаев шақырып Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот төрағасы лауазымын ұсынғанда, «шақырғаныңыз үшін сізге рақмет. Біріншіден, туысқанын тағайындады деген сөзді ел айтады. Екіншіден, жұмыс болған соң келіспеушіліктер туады. Мен бұл қызметке бармаймын» дедім. Қазір ойласам келісім бергеніммен, сол қызметте мен көп отырмайтын екенмін ғой.

– Неге?

– Мен ол кісіге барып мына істі бұлай істеуге болмайды, заңға сәйкес келмейді деп түсіндіретін едім.

– Сіз айтпағанда кім айтатын еді? Басқалар айта алмай кетті ғой.

– Негізі бір дүниені бір рет бүлдірсең, тағы да бүлдіргің келіп тұрады ғой. Тастың асты опырылса, үстіндегі тас та құлайды. Сол сияқты, біз ол тұста астыңғы тасты алып тастағанда, үстіндегі тастар құлап жатты. Сол сияқты сот жүйесін құрттық. Кейінгі кезде бүкіл Қазақстан бойынша «ана істі былай шеш» деген әңгіме шықты. Ол өтірік емес. Судьялардың барлығы біледі. Ана істі алай, мына істі былай шеш дегенді судьялар теріске шығара алмайды. Өйткені, солардың қолымен мәселе оң шешіліп отырды. Кейбір істі өздері үшін істейді де, жоғары жаққа сілтейді.

– Ар тазалығы туралы не айтасыз?

– Адалдық. Қазақтардың ең қадірлі үш алыбы – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би ғой. Олар өз заманында ар тазалығын көбірек ұстады. Бай-манапқа жағынбады. Кедей мен бай соғысып жатқанда екеуінің ісінің заңдылығын қарады. Бір мысал, бір жылдары сот делегациясымен Германияда болдым. Германияның канцлері біраз жерді жекешелендіріп алып, саяткерлік мекенін жасатады. Қажетінше жүзім көшетін отырғызған алаңқайда оқшау тұрған бір жел диірмені көзіне түседі. Ол диірмен қазір де тұр. Диірменнен гөрі, патшаны жер телімі көбірек қызықтырса керек. Маңында жүргендерге «мына жел диірменін алып тастап, жер телімін менің жеріме қосыңдар» деп тапсырма береді. Жел диірменінің иесі қарапайым шаруа екен. Ол өз меншігін бергісі келмей, корольді сотқа береді. Сот диірмен иесінің арызын заңды деп танып, талап арыз берушінің ісін заңсыз деп шешім шығарады. Ал бізде қалай? Жер телімдерін былай қойғанда, адам аяғы баспайтын тауға дейін Болат Назарбаев тартып алып жатқанда әкім қайда қарап отырды? Бұл елде соттың жоқтығын көрсетеді. Бұл жерде жалғыз Болат кінәлі емес. Әкімдер, қоғам кінәлі. Ел де, әкімдер де кезінде сотқа жүгінбеген. Өйткені, халық соттың Болатты қолдайтынын біледі. Каменканы Қайрат Сатыбалды тартып алып еді, Мәжіліс депутаты Бапи бастаған 200 адам шу шығарып жатыр. Егер сот күшті болса, қолдарында үлеске алған пайы бар адамдар сол кезде-ақ сотқа арыз берер еді ғой. Өйткені, ел сотқа сенбейді. Мына өліара шақты пайдаланып, есебімізді түгендейік, жоғалтқанымызды қайтарайық деп жатқаны сондықтан. Ал шындығында заңды жақсы біліп тұрсың ба, неге қорқасың? Өзіндікі дұрыс болса, кімге болсын қарсы тұр.

– Осы іске жауапты жанның барлығы қазір өз лауазымдарында отыр ғой. Ешқайсысы заңсыздық үшін жауаптылыққа тартылған жоқ.

– Отыр, отыр...

– Енді оларды жазалауға, қылмысын әшкерелеуге не кедергі?

– Қылмыс мерзімінің өтуі деген бар. Мысалы ауыр қылмыс емес орташа, одан төмен қылмыстар. Онда ақша алмаса, ешнәрсе істей алмайсыз. Ал пара алса, оны соттау керек. Ақшасыз, біреудің нұсқауы бойынша жасаса, қызмет бабын асыра пайдалану болады. Оның санкциясы жоғары емес. Сондықтан арада көп уақыт өтіп кеткендіктен, оларды қылмысқа тарту қиын. Өтіп кетті, бітті. Кезінде оларға мемлекет, сот қалай болса солай қарады. Енді бұл бойынша қылмыстық іске тартуға болмайды.

– Жекелеген судьяларға жасалатын жеңілдіктер туралы не айтасыз?

– Судьялар 63 жасында зейнетке шығады. Осы жастан асқан адам жұмыс істемесін деген заң жоқ. Жоғарғы Сот төрағасы кейбір судьяларды 63 жастан асса да бір, екі, бес жылға дейін жұмыс істеуін созып жатады. Бұл, әрине, жақсы жұмыс істеген адамдарға жасалатын игілік. Бірақ, мұның соңы сотты тәуелсіздігінен айырады. Өйткені, күндердің күнінде Жоғарғы Сот төрағасы «мына істі былай шеш» деп тапсырма берсе, зейнет жасында қызметте қалған адам қарсы келе алмайды. Ол қалай қарсы келеді? Жұмысынан айырылмау үшін берілген тапсырма орындалады. Сондықтан ондай қатынас болмауы керек.

Жалпы соттың басшысы да, тірегі де заң болуы керек. Шетелде соттың төрағасы деген ұғым басқаша. Егер заңнан тыс төрағаға бағынса, онда заңдылық болмайды. Мен кезінде Германияның жолына көшейік деп Алматы қалалық сотының судьяларына айтқанмын. Шет елде соттың төрағасын еңбек өтілімен жасы жеткендер арасынан, болмаса судьялар өз орталарынан өздері сайлап алады. Оларға төраға бұйрық бере алмайды. Судьялар «сені сайлағанда маған бұйрық беру үшін сайлаған жоқпын» деп кесіп айта алады. Жұмысты ұйымдастыр, басқа істе шаруаң болмасын дегенді ұғындырады.

Бір жыл бұрын сот әкімшісі дегенді сот жүйесіне енгізіп, төрағасын Президент тағайындады. Осы мәселені мен сот әкімшісі комитетінде істеп жүргенде Президентке жазғам. Әлі күнге дейін жазбам сақтаулы тұр. Бұл 2001 жыл болатын. Үлкен кісіге кіріп қолын қойдыртып түсіндіргенімде «Талқылап, ұсыныс енгізіңіздер» деп тапсырма берген-тін. Соттардың материалдық, тұрғын үй, тағы басқа қажеттіліктерінің барлығын осы комитет қарап, шешіп отыруы керек. Бірақ комитеттің судьяны шақырып алып қаралатын іс туралы сөз қозғауға қақысы болмауы тиіс. Сол ұсынысымның дұрыстығы жиырма жылдан кейін дәлелденіп, іске асты. Жиырма жылда қанша дүние бұзылды, қанша сот заңсыз әрекет жасады.

Жалпы соттың статусы деген бар. Ол барлығында бірдей. Соттың бір ғана бастығы, бағдары, сүйенері – заң. «Судья анау әкіммен жақсы» деген сөз айтылмауы керек. Ол дұрыс емес. Сот заңмен ғана жақсы болуы керек. Басқаның біріне де қарамауы керек. Біреу прокурормен жақсы жұмыс істедім, ғимарат салдым дейді. Соттың алаңсыз жұмыс істеуі үшін мен де үлкен кісіге дейін барып Алматы қалалық соты отырған ғимаратты алып бергенмін. Өйткені, ол бір міндетім болды. Ал судья ретіндегі міндетім – түскен істі заңмен қарап, шешім шығару.

– Тәжірибеңізде талай қиын іспен бетпе-бет келген боларсыз. Жоғарыдан нұсқау келсе де, табандылық танытып, тура төрелік жасағанда қандай әсерде болдыңыз?

– Талдықорған облыстық партия комитетінің хатшысы совхозға барғанда жасы үлкен директор дұрыстап қарсы алмаған екен. Үнемі құрмет, ілтипатқа үйреніп қалған хатшыға бұл жаман әсер етеді. Ашуға мінген басшы әлгі директорды мамандарымен қосып сотта деді. Ал мен мұнда қылмыс құрамы жоқ деп қайта тергеуге жібердім. Сол үшін бірінші хатшыға дейін шақырды. Айтқанымнан қайтпадым. Сол директор Қонаевқа барды. Арызына «почему преследуете заслуженного человека?» деп жазып, сұрау белгісін қойып беріпті. Тексерді. Жала жабылғаны ашылды. Сіңірген еңбегін елемей, іздеушісі жоқ неміс азаматын басшылардың айтуымен соттап жіберсем өміріне балта шабылатын еді. Әділдікті сақтап соттамадым. Менің айтқаным келді. Өйткені, ол жерде қылмыс жоқ. Қонаевтың бақылауынан кейін дігірлеген партия қызметкерлері жайына қалды.

Тәлім алу үшін оқығанымды айтсам: «...кезінде Людовик-4 король тұрған қалаға кәріз жүйесін тарту жоспарланған екен. Сонда жағымпаздар корольге барып, кәрізді алдымен сіздің үйге тартайық, сосын өзгелерінің үйіне кіргізерміз деп ұсыныс айтыпты. Олардың уәжін тыңдаған король кәрізді алдымен сот ғимаратына, сосын кезегімен тұрғын үйлерге, ең соңынан менің үйіме тартыңдар дейді». Міне, сол уақытта адамның тазалығы, білімділігі деген ұғым қандай керемет болған. Сондай басшы бізде бар ма? Әй аз, тіпті жоқ қой.

– Сот жүйесіндегі кадрлық саясат туралы айтсаңыз.

– Заңгер ретінде баға берсем сот дегеніміз үлкен мектеп, терең тәжірибе. Оған ену үшін жылдар бойы қырар жұмыс жасалуы керек. Біздің санамыздағы сот сондай еді. Бүгінде сот жүйесіне екі сөздің басын құрап бір шешім, үкім, қаулы жаза алмайтын адамдар келіп жатыр. Сот залында міңгірлеп тұрған әріптестерді көргенде қынжыласың. Осындай адамды аудандық сот, облыстық сот тұрмақ, Жоғарғы Сот судьясы лауазымына қабылдап жатады. Жоғарғы Сот деген бүкіл сот жүйесінің қаймағы, элитасы ғой. Оған бүкіл сот құрылымына үлгі етуге, мысал етуге лайық, ең білімді, ең білікті, ең кәсіби жандар таңдалуы тиіс емес пе? Бұдан бөлек, Жоғарғы Сотқа мүше болу үшін сот жүйесінде ең кемі жиырма жыл еңбек ету керек. Қалыптасқан ұғым бойынша төменгі сатыларда сауаттылығы сыналатын. Жоғарғы Сот судьясы болу деген заңгерлер үшін ең биік мәртебе. Төраға болу міндет емес, ал Жоғарғы Соттың қатардағы судьясы болсаң елдегі ең беделді адам болып саналасың. Өркениетті елдерде солай. Сол мәртебеге жету үшін жылдар бойы жинаған тәжірибеңді оқумен толықтыру басты талап. Сонда ғана сол лауазымға лайық деп есептелесің. Бірақ сол тазалық кейінгі уақытта лайланып, қай-қайдағы тәжірибесі жоқтар Жоғарғы Сот судьясы болып шыға келді. Өмірінде ең оңай әкімшілік іс бойынша іс қағазын, қаулы, шешім жазып көрмеген адам осындай биік лауазымға тағайындалды. Ол ертең төменгі сатыларда отырған судьяларға не үйретеді, қандай кеңес береді? Мынауың дұрыс емес деп айту үшін оған білім мен тәжірибе керек қой. Осы талап бізде жоқ. Мұны естіп кеиисің. Кейіп отырып, келіспегенде не істейсің. Қолыңнан келер қайран жоқ. Сондықтан бірінші кезекте сот таза болса, басқалары да өз кезегімен реттеледі. Әділдік ретімен енеді. Заңды бұзуға ұмтылатын бастықтар сотта не күтіп тұратынын білетін болады. Қызмет бабын пайдаланған әкімді екі-үш рет сотқа берші, соттың заңды шешімімен сөгіс алған әкім жылдам тыйылады. Сот процеске бастықтар мен қарапайым адамдар жалпыға арналған есіктен қатар кірсе, көп жайды аңғартып, сот тәуелсіздігінің бір қадамы болып саналады.

– Сот абыройын қалай көтеруге болады?

– Біздің елде соттың беделі өте төмен. Халықтың «ой, сотқа барғанша бандитке барайық» деген сөзді жиі айтатыны сондықтан. Кезінде Рыжий Алмас деген мықты бала шықты. Олар әлсізді жылатпауға, әділдікті орнатуға тырысты. Әділдік іздеген адамдар олардың талабымен қуана келісті. Абыройды сақтағымыз келсе, ардан аттамауға тиіспіз.

Тағы бір тоқталатын кемшілік, судьялар, прокурорлар, адвокаттар заңдағы жиі болатын өзгеріс, толықтырулардан шатасып кетті. Өйткені, күн сайын өзгеріс. Заңның барлығын жатқа білу мүмкін емес. Қазіргі Парламент Мәжілісі депутаттарының қалай сайланғанын ел көрді ғой. Жарайды барсын. Бірақ солар ұсынатын заң мәтіндерін дайындаушылар сауатты болуы керек қой. Негізі заңнама Әділет министрлігінде дайындалып, тіркеліп ұсынылады. Бірақ Әділет министрлігінде айлық жалақы төмен болғандықтан, заңгерлер тек күнкөріс, қызмет баспалдағы үшін ғана жұмыс істейді. Сосын, өзге министрліктердегі «мықтылар» өздеріне ыңғайлы заң мәтінін депутаттарға оқытып отырады. Конституциядан ауытқып кетті. Қазақы жалпақ тілмен айтқанда балық басынан шіруде.

Қорыта айтқанда, соттардың тоқсаныншы жылдардағы абыройынан айырылғанына кім жауап береді? Егер әр саланы өз ісінің шебері, жанашыры басқарғанда мұндай олқылық орын алар ма еді? Министрлердің барлығын «шалағай министрлер» деп ел ашық айтуда, мен де сол пікірге қосыламын. Кешегі, бүгінгі қоғамдағы ең беделді мамандық журналистерді басқарып отырған министрді сол журналистердің өздері тани ма екен? Адам өмірінде шешуші рөл атқаратын қаржы саласының тізгінін ұстап отырған министрді қаржыгерлер біле ме екен? Баяғыда Мыңбаев деген «мықты» ауыл шаруашылығы министрі болғанда «Мыңбаев арпа мен бидайды ажыра ала ма екен» деп газетке жазды ғой. Сол қателікті мемлекетіміз қайталап отыр.

– Осы мәселенің барлығы кімге тірелетінін сіз де, мен де аңғарып отырмыз. Қалай десек те кешегі өмір бүгінгі тарих...

– Түсіндім. Сұрағыңды тарих деген сөзіңмен сабақтасам, қазақта Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы деген сөздер ұрпақтан ұрпаққа айтылып келеді. Бұл уақыт елегінен өткен ұлағатты сөздер. Меңзеп отырған сұрағыңа Нұрсұлтан Назарбаев қазақтың 14.5 мың шақырым шекарасын шегендеп, бекітіп, заңнама талабына сәйкес БҰҰ тапсырған құнды құжатымен жауап беріп, ел есінде қалды. Мұны елге, жерге сіңірген адалдық деп бағалаған дұрыс. Шыны керек, алғашқы жеті-сегіз жылда керемет адал, таза еңбек еткенін саясаткерлер де, досы түгілі, дұшпандары да мойындап ашық айтты. Пендешілікпен бала-шаға, туған-туыс ырқынан шыға алмағанын уақыт көрсетіп отыр. Ал әлеуметтік желілердегі жел сөзді сол кісінің шекпенінен шыққан министрлер тоқтатсын. Адалдықтарын, біліктілігін көрсетсін.

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
«Заң газеті»

> ...Бас Прокурор Бергей Рысқалиевтің ісі бойынша тәркіленген ақшасын қайтару туралы Жоғарғы Соттың Пленарлық отырысына наразылық келтірді. Мұндай жағдай бұрын-соңды болмаған. Үкім баяғыда күшіне енді. Арада біраз жыл өтті. Бірақ сорақылығы сол, Жоғарғы Соттың төрағасы Бас Прокурордың наразылығын қабылдап, Бергей Рысқалиевтің ақшасын қайтарды. Сот тәркіленген ақшаны қайтару үшін қылмысы жоқ деп Рысқалиевті ақтауы керек еді. Бірақ, Бергей Рысқалиевті қылмыскер деп таныды. Нонсенс! Пәленбай милион ақшаны жеп қойды деп айта тұрып, сол лас ақшаны, қылмыспен келген қаржыны қайтарып береміз. Соны оқып отырып сотта сот, прокурорда прокурор қалмаған екен деген ой түйдім.

КИЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛМЕЙТІНДЕР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ АЛЫНБАСЫН!

Тіл – ең асыл құндылық. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет. Ал оның мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Біздің басты мақсат – мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру, өскелең ұрпақтың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, ұлттық рухта тәрбиелеу. М.Әуезов «Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды» деген.

Ұлы даналарымыздың осы сияқты айтылған пікірлерінен кейін мемлекеттік тілді білмейтін, ойын ана тілінде жеткізе алмайтындар қанша жерден сауатты болса да, жауапты қызметке тартылмауы керек. Бұл, әсіресе, қазақ жастарына қатысты. Мемлекеттік тілді білмеген адам Қазақстандағы өзге этностардың да қамын жейтін мемлекетшіл болады дегенге сенбеймін. Егер өзіміздің дүниемізге өзіміз ие болып, тіліміздің қолданылу аясын кеңейте алсақ, өзге этностар да үлкен құрметпен қарар еді. Мемлекеттік тілдің жағдайын жақсартудың ең маңызды буыны – ол жастар. Бүгінгі таңда тәрбие, білім ошақтары қазақ тілінде сөйлемесе, қоғам, барлық халық қазақша сөйлемейтіндігі дәлелдеуді қажет етпейтін қағида. Болашақ өміріміздің жалғасы, қоғамымыздың басты тұтқасы – жастар. Мемлекеттік тілді жетік біліп, жанашырлық танытқан тұлға ғана болашақта ұлт жанашыры болады деп ойлаймын. Сол себептен олардың білімі мен тәрбиесіне, туған тілі мен Отанына деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлген жөн. Болашағы бар ұлт бүгінгі мен ертеңгі ұрпағының сана-сезімін ана тілінде тәрбиелесе ғана тарих сахнасының төрінен орын алары хақ. Өйткені, ұлттық даму рухани сабақтастық негізінде жүреді. Әрбір өскелең жас ұрпақ алдыңғы аға буын жалғастырған жолды, ата-баба өсиетін түсініп, сезініп барып өркендейді. Ұлттық болмыстың тек өзіне ғана тән, қайталанбас құндылығы, ерекшілігі – тіл. Ұлтты сақтау – тілді сақтау. Сондықтан да тілдің құдіретіне бас июден, сол құдіретті тануға, ілгері дамытуға деген құлшынысымыздан айырылып қалмайық. Ұлттың да, ұлт тілінің де болашақ иегері болатын жастарымызды соған үйретейік.

Арай МЕДЕТОВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы – сот мәжілісінің хатшысы

КЕЛБЕТ

ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТШІСІ

Алғырлығымен өз ортасынан қара үзіп, үздік атану үшін ұзақ жылдық еңбек өтілінің де қажеттілігі жоқ екеніне Қазбек Иматовтай жалынды жастарды жарқын мысал етуге болады. Мақтаулы азамат, Жәнібек аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің Ұзынкөл ауылдық округінің учаскелік инспекторы, полиция аға лейтенанты Қазбек Аманкелдіұлы 1992 жылы 7 тамызда Бөкей ордасы ауданына қарасты Мұратсай ауылдық округінің Тайғара елді мекенінде дүниеге келіпті. Ор қояндай орғып тұрған қағылез, сымбатты денелі, көзтартар көрікті, ашық мінезді, жұмысына өте жауапты жігіттің әр сөзі мірдің оғындай, пікірі орнықты екен.

«Алдынан төскейді толтырған малы емес, төрінен шаңырағын шаттыққа бөлеген қонағы үзілмеген шаңырағымыздың иесі әкем Аманкелді Иматов пен анам Римма Мусинаның тұлабойы тұңғышымын. Жарқын болашақтың желкенін керуге атсалысар жақсы азамат, білікті полиция қызметкері болсам деп армандап, үстіме қиялмен тәртіп сақшысының киімін киіп, ауылдастарыма тәртіпті қатаң сақтау турасында әңгіме айтып, тағы бірде өзімді қауіпті қылмыскерді құрықтап жатқандай сезінетінмін. «Арманымен ер сұлу, орманымен жер сұлу» демекші, арман – адамның алға қойған биік мақсаты десек, оны ақиқатқа айналдыру жолында жатпай-тұрмай тер төгу қажет деп білемін. Бала кезімнен ауылдың шаңын бұрқыратып, теңбіл допты теуіп өскендіктен күллі әлемге әйгілі бразилиялық футболшы Роналдоның ФИФА сайтына берген сұхбатындағы «Бала күнімде атақты футболшы болуды армандадым. Соған жету үшін талмай еңбектендім. Менің жетістігімнің құпиясы осы» деген сөзі санамда шегеленіп қалыпты. Балалық арманыма қол жеткізу үшін әскерден келісімен БҚО Полиция департаментіне түйіндемемді тапсырған боладымын. Алматы қаласынан тағылымдамадан өтіп келген соң, 2013 жылы әскери билетпен Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған күзет қызметі басқармасына қатардағы полицей шенімен жұмысқа орналастым. 2013–2021 жылдары аса маңызды стратегиялық нысан болып табылатын Жәнібек аудандық сотында күзет қызметі басқармасының полицейі болып еңбек еттім. Қызмет ете жүріп 2018–2021 жылдары Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алдым», – деген жас сақшының сөзінен арманы асқақ азаматтың болмысын байқадым.

Заң саласында жоғары білім алған Қазбек Аманкелдіұлы 2021 жылы Жәнібек аудандық полиция бөлімінде учаскелік полиция инспекторының көмекшісі қызметіне тағайындалып, екі айдан кейін аудандық полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы, полиция подполковнигі Данияр Рақышевтің қолынан лейтенант шенін алды. Осы жылы аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Асқар Әбдірахмановтың бұйрығымен Талов, кейін Борсы ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы болып қызмет атқарды. Бүгінде жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің Ұзынкөл ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы ретінде жергілікті тұрғындардың тыныштығын сақтап, мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қорғау жолында «Жұртқа жақын полиция» қағидатымен абыройлы қызмет атқарып келеді.

БҚО «Ең үздік учаскелік инспектор» сайысында Жәнібек ауданының атынан «Ең құрметті учаскелік полиция инспекторы» аталымы бойынша жеңімпаз атанған Жәнібек аудандық әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Руфат Қабиевтің терең тәжірибесінен үйренгенім көп. Бір ауылдан, бір топырақтан түлеген жерлесім Руфат Ғұбайдоллаұлын нағыз білікті маман, мықты тәлімгерім деп есептеймін», – дейді тәртіп сақшысы.

Ашықтық қағидатына сүйене отырып, жергілікті тұрғындардың арасында атқарып отырған қызметімді фейсбук және инстаграм әлеуметтік желісі арқылы көпшілікке жариялап отырамын. Өзіме бекітілген учаскеде жүктелген міндеттер мен заңмен белгіленген құзыретім шегінде қылмыс пен әкімшілік құқықбұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүддесін қорғауға жәрдемдесу. Қылмыс немесе құқықбұзушылықтар жасауы мүмкін адамдарды анықтау және оларға қатысты алдын алу жұмысын жүзеге асыру, діни теріс ағымға түскендермен профилактикалық жұмыс жүргізу, жастар мен жасөспірімдердің арасындағы құқықтық тәртіпті нығайту, интернет алаяқтарының арбауына түсіп, қаржылық пирамидалардың құрығына ілінбеудің алдын алу жолында Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі Бекежан Шарафутдинов, ауылдың ақсақалдар алқасы, белсенді жастары мен Ұзынкөл жалпы білім беретін орта мектебінің директоры Лунаргүл Дишенова басқаратын ұжыммен бірлесе отырып кешенді жұмыс жасап, кезекшілік кестесін жасақтап, кешкі мезгілде құқықбұзушылықты анықтау мақсатында рейдтік шаралар ұйымдастыруды тұрақты жолға қойып отырмыз. 2022 жылы Ұзынкөл ауылдық округі бойынша 175 әкімшілік құқықбұзушылық анықталып, тіркелген қылмыстардың барлығының ашылуына қол жеткіздік. Қылмыс түрлері ауылдық жерде мал ұрлығы мен киікті атып, мүйізін саудалау, мас күйінде көлік құралын тізгіндеу, отбасы мүшелеріне тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау дерегі бойынша тіркеліп отыр. Біздің салада белгіленген кестеге сай уақыт режимі болмағандықтан әрқашан физикалық, моральдық-психологиялық тұрғыдан түрлі жағдаятқа дайын жүреміз. Өмірде жетістікке жететін әр азаматтың артында отбасының берік тылы саналатын жан жары тұрады. Қиындығы мол, жауапкершілігі зор қызметімде Анар, Аяулым атты қос қызымыздың анасы, ардақты зайыбым Айдананың еңбегі зор», – дейді Қазбек Иматов.

Қызметтік міндетін адал атқарғаны, қылмысқа қарсы күресте, мемлекетіміз азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ел тыныштығын сақтау жолындағы қажырлы еңбегі үшін Қазбек Аманкелдіұлы бас-аяғы бірер жылдың ішінде Батыс Қазақстан облысының әкімі Ғ. Есқалиевтің атынан Алғысхатқа ие болып, БҚО Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының басшысы, полиция полковнигі Т.Үсеновтің, БҚО Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры М.Аблазимовтың, Жәнібек аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі А. Әбдірахмановтың, Жәнібек аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі А.Сейтқазиевтің қолынан грамоталар алды. Жәнібек ауданының әкімі А.Сафималиевтің, Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі Б. Шарафутдиновтен алғысхат иеленді.

Темірдей тәртіпке сүйеніп, заңмен бекітілген ережені басшылыққа алатын Қазбек Аманкелдіұлына табыстың тайқазанын қайнатып, еселі еңбегіңізбен өзіңізге бекітілген аумақтың тәртібін шегендей беріңіз дейміз.

Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
Жәнібек аудандық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
Батыс Қазақстан облысы

БАҒДАР

Президент пәрменімен биыл аумақтарды дамытудың 2027 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданған болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес шалғай аймақтардың ифрақұрылымын жаңғырту бойынша ілкімді істер легі жүзеге асатын болады. Солардың бірі – «Ауыл – Ел бесігі» жобасы. Атаулы бастама аясында еліміздегі әлеуеті жоғары 3,5 мың ауылды 2027 жылға дейін өңірлік стандарттар жүйесінің параметрлеріне дейін жеткізу күтілуде. Бұл жайлы ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында сөз етілді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

«Ауыл - Ел бесігі» жобасын қаржыландыру жылдан жылға қарқынды жүргізіледі. Соңғы 3 жылдықты қоса алғанда аталмыш жобаға республикалық бюджеттен 326 млрд теңге бөлінген болатын. Нәтижесінде мыңнан астам ауыл аумағында әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту бойынша 3,7 мыңнан астам жоба іске асырылған. Сонымен қатар, 33 мың жұмыс орны ашылған. Ауыл – Ел бесігі» жобасын өңірлерде жүйелі үйлестіру бойынша Қызылорда облысы үздік үштікке орналасып отыр. Бұл жайлы ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов айтты. Ол өз сөзінде, «Биыл республикалық бюджеттен 198 млрд теңге бөлінді. 800 елді мекенде шамамен 2 мың жоба іске асырылатын болады.Бөлінген қаржыны игеру серпіні Павлодар (39%), Ақтөбе (37%) және Қызылорда (32%) облыстарында жақсы. Алайда, Алматы (21%) және Ұлытау (16%) облыстарында деңгей төмен», – деді.

Сонымен қатар, жиында ауылдық елді мекендерді дамыту жұмыстарына кіші және ірі кәсіп иелерін тарту бойынша жасалған жұмыстар жайы сөз етілді. Мәселен, Қызылорда облысы, Жаңақорған және Сырдария аудандарында саябақ салуға қаражат бөлген «Азимут» ЖШС мен «Абзал и К» ӨК секілді жеке кәсіпкерлер жайлы айтылды.

Сөз соңында Әлихан Смайылов «Ауыл – ел бесігі» жобасының жүзеге асырылуы жауапты министрлер мен өңір басшыларының назарында болу керектігін айтты. Алдағы уақытта да жүйелі және мерзімінде іске асыруды қамтамасыз ету, қаржыландыру мәселесін онтайландыру жұмыстарын пысықтау қажеттігін де тілге тиек етті.

М.ІСКЕНДІРҚЫЗЫ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ОРМАН ӨРТІНЕ ҚАРСЫ ШАРАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНУДА

Биыл Жетісу облысы Алакөл ауданының орман шаруашылығы аумағында құрғақ шөптер мен бұталардың жануының 4 фактісі орын алды. Былтырғы жылдың сәйкес кезеңінде оның саны 7 болған еді. Материалдық залал биыл 1 млн 844 мың теңге, былтыр 7 млн 753 мың теңге болды. Өртенген аймақ биыл 1157 га болса, былтыр 1 257 га құрап отыр. Биыл дала алқаптарында 91 жану тіркелді, былтыр ол 122-ні құраған еді.

Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметінің мәліметіне қарағанда, өрт қауіпсіздігі бойынша әкімдікпен, мүдделі мемлекеттік органдармен және волонтерлік ұйымдармен бірлесіп алдын алу іс-шаралары қабылдануда. Атап айтқанда, биыл облыс аумағында орман және дала өртінің пайда болу және оларды жою тәуекелдерін азайту жөніндегі кезеңдік іс-шаралар жоспары әзірленіп бекітілді. Оған сәйкес, 2 мамыр күні Жетісу облысы әкімінің орынбасары Ә.Жақанбаевпен «Жетісу облысы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссия отырысы» өткізілді Онда орман және дала аумақтарын өртке қарсы қорғаудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету, сондай-ақ, қызметтердің орман және дала өрттерін жоюға дайындық деңгейін арттыру жөніндегі шаралар қарастырылды.

– «Қыс-көктем» кезеңінің бірінші кезеңін іске асыру бойынша жұмыстары басталды, оған дайындық іс-шараларының 7 пункті кіреді. Олар: аудандық деңгейде ТжКБ жүргізу, тарту жоспарларын түзету, ғарыштық мониторинг, техниканы тексеру, қауіпті аймақтардан халықты эвакуациялау жоспарлары. Наурыз айынан бастап елді мекендердің өртке қарсы дайындық жұмыстарына тексеру жүргізіліп, 358 пунктке «ескерту» жасалды. Аудандық бөлімшелер ерікті өрт сөндірушілермен бірлесіп 13 практикалық-оқу жаттығулар жүргізіп, табиғи өрттер мен жануды сөндіруді теориялық және практикалық пысықтау бойынша сабақтар өткізілді. Департамент күн сайын орман және дала алқаптарында, жазғы демалыс орындарында, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өндірушілерімен егіс компаниясын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндіріп, өрттен сақтану мәселесі бойынша халықпен кең ауқымды профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

– Ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылау мақсатында полиция қызметі, өртке қарсы қызмет, әкімдіктер, орман шаруашылығының аумақтық инспекциясы және волонтерлік ұйымдар қызметкерлерінен 98 мобильді топ құрылды. Олармен өрт қаупі кезеңі басталғаннан бері 379 рейдтік іс-шара жүргізіліп, 39 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Орман мекемелерімен қала және аудан аумақтарында да билбордтар орнатылды. Өрт қауіпі жөнінде биылғы кезеңнің басынан бастап теледидарда 16 сюжет көрсетіліп, баспа басылымдарында 155 мақала жарияланды, – дейді Жетісу облысы төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Сергей Огай. Оның сөзіне қарағанда, департаменттің аудандық бөлімшелері орналасқан жері бойынша жергілікті ауыл шаруашылығы басқармаларымен ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін кәсіпорындардың басшыларымен бірлесіп, егін жинау науханының алдында ауыл шаруашылығы техникасының техникалық жай-күйіне, бастапқы өрт сөндіру құралдарының, сондай-ақ, ұшқын сөндіргіштердің егіс басында болуына тексеру жүргізуде. Сондай-ақ, 1500-ден астам адамды қамти отырып, ауыл шаруашылығы өндірушілерімен 727 дөңгелек үстел, жиындар мен



нұсқамалар өткізілді. Үгіт-профилактикалық іс-шараларды өткізу кезінде демалушыларға және тұрғындарға орманды-дала алқаптарында өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуы бойынша талаптар мен нұсқаулықтар жүргізілді. «Ормандағы өрт қауіпсіздігі», «Табиғаттағы демалыс кезіндегі өрт қауіпсіздігі», «қоқысты жаққандағы сақтық шаралары», «қоқыс тастамаңыздар» тақырыбында нұсқаулар жүргізіліп, жадынамалар мен брошюралар берілді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

АЙМАҚ

ӨНЕРКӘСІП 99,8 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ

Қызылорда облысына қарасты жеті ауданның ішінде Жалағаштың жайы бөлек. Даму динамикасының даңғылында келе жатқан ауданның әлеуметтік әлеуеті артып, әр саласы жолға қойылған. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен баспасөз конференциясында Жалағаш ауданының әкімі Асқарбек Есжанов журналистерге аймақтың қазіргі тіршілігін баяндады.

Әлеуметтік міндеттемелерді мезетінде орындап, халық тұрмысын тұралатпау, жаңа жұмыс орындарын ашып, елдегі ағайынның бүйірін толтыру әкімдіктің басты межесі. «Жалағаш ауданы барлық бағыттар бойынша өсу динамикасын жалғастырып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда негізгі әлеуметтік-экономикалық даму индикаторларына қол жеткізілді. Өнеркәсіп өнімдерін өндіру 99,8 пайызға өсіп, 18 млрд 110 млн теңгені құрады. Тұрғын үй көлемі 13 509 шаршы метр болатын 42 жеке тұрғын үй пайдалануға берілді. Бөлшек сауда айналымының көлемі 1 млрд 198 млн. теңгені құрап, 115,7 пайызға орындалды» – дейді аудан басшысы.

Үстіміздегі жыл бойынша Жалағаштың жалпы бюджеті 9.2 млрд теңге болып бекітілген. Бүгінгі күні 1,1 млрд теңгеге тағы ұлғайған. Сонымен қатар, «Жалағаш ауданын дамытудың 2023–2025 жылдарға арналған перспективалық іс-шара жоспары» әзірленіп, бекітілді. Онда білім, денсаулық сақтау, құқық қорғау, мәдениет және спорт саларын дамыту, жолдармен және ішкі көшелерді жөндеу, тұрғын үймен қамтамасыз ету және инженерлік - коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ, жарықтандыру мен абаттандыруға бағытталған жұмыстар қамтылған. Жоба құны – 11,4 млрд теңгені құрайды. Аудан қазынасынан қаралатын қаржыдан бөлек, республикалық және облыс бюджеті негізінде жүзеге асырылатын 35 нысанның жоба-сметалық құжаттары дайындалған. Қазіргі күні бұл іс тиісті салалық басқармаларда қаралуда.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында да нәтижелі жұмыстар легі атқарылуда. Жартыжылдық көрсеткіш бойынша кәсіп иелері 3302 бірлікті құрап, өткен жылмен салыстырғанда 7,1 пайызға артқан. Ауыл шаруашылығы саласы бойынша да айтарлықтай даму бар. Жалағашта егінмен айналысатын 195, мал шаруашылығымен шұғылданатын 136 шаруашылық бар. Биыл барлығы 37 079 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, күтімге алынды. Диханшыларды қолдау мақсатында ауданда су тапшылығын болдырмау бағытында да бірқатар қадамдар жасалды. Жалағаштықтардың газ желісін тұтынғанына да біраз болды. Аудан аумағының 80,8 пайызы газдандырылған. Ауыз су мәселесі 100 пайызға шешілген.

Әлеуметтік салалардың да тасы өрлеп тұр. Бүгінгі күнге жалпы жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайызды, жастар арасында жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайызды ғана құрайды. Атаулы көрсеткішті жыл сайын азайту мақсатында әр жылдарда жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Ауданда 60 білім беру мекемесі болса, барлығы да білім алушылардың жазғы уақытын тиімді ұйымдастыру және жаңа оқу жылы маусымдарына тастүйін дайын. Бұл сала бойынша жаңалық – жақында «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында Жалағаш кенті орталығынан 300 орындық жаңа мектеп құрылысын бастау жоспарланған. Мәдениет межесі де мүлтіксіз орындалып келеді. Алғашқы жартыжылдық бойынша халықтың рухани танымын кеңейтіп, салауатты өмір салтын ұйымдастыруға 363 мәдени көпшілік іс-шаралары өткізілген. Спорт саласында сүйінші жаңалықтар жетерлік. Жалағаштық спорт саңлақтары ҚР, Азия және әлемдік чемпионаттар мен облыстық жарыстарда әртүрлі деңгейдегі 262 медальді жеңіп алды. Халық денсаулығын нығайту бағыты да аудан басшысының қадағалауында. Әкім: «Ауданда биылғы 6 ай бойынша 349 бала дүниеге келіп, туу көрсеткіші 10,6 промильді құраса, сәби өлімінің 1 жағдайы тіркелді. Ана өлімі тіркелмеген», – деді.

Сөз соңында Асқарбек Темірбекұлы «Өздеріңіз таныс болғандай, Жалағаш ауданында атқарылып жатқан шаруалар аз емес. Алда күтіп тұрған іс те, жұмыс та жетерлік. Уақыт ағымынан, заман көшінен кейіндеп қалмас үшін осы міндеттерді тиянақты жүзеге асыруға бізде барлық мүмкіндіктер бар. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстар жалғасатын болады», – деді.

Ш.ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ӘРТҮРЛІ

7. Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Қонаев көшесі, 65 үй мекенжайында орналасқан «Талғар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (БСН 130940015928) құрамынан бөлу жолымен «Талғар ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап, тиісті заң талаптарына сәйкес, мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Қонаев көшесі, 65 үй. Байланыс телефондары: 8(72774)23409.

12. «Sky Logistic Servises» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Серіктестіктің жалғыз қатысушысының жарғылық капиталды 10 000 000 (он миллион) теңгеге дейін азайту туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, «Сәуле» ықшамауданы, Зерде көшесі, 45 үй.

13. «Nurorda» мектеп-лицей» мекемесі (БСН 070740012675) жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен (4 140 000 теңге) аспауы керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 87172-695-037, 87172-695-058.

14. Астана қаласы, Қ. Аманжолов көшесі, 34 мекенжайы бойынша орналасқан «Spectrum» халықаралық мектебі» мекемесі, БСН 080940001583, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 2400 АЕК-тен (8 280 000 теңге) аспауы керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 87172-695-037, 87172-695-058.

15. Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына (Астана қаласы, Гейдар Алиев көшесі, 6) Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Жұбанов көшесі, 21 үй, 69 пәтер мекенжайында тұратын азамат Файзуллина Гульнара Ришатовнадан, 26.11.1950 жылы туған, Астана қаласы, Алматы ауданы, Литейная көшесі (қазіргі Жаханша Досмұхамедұлы көшесі), 8 үй, 433 пәтер мекенжайында тұрған азаматша Файзуллина Гульфия Минигалимовна (қыз кезіндегі тегі - Нигмадзянова) қайтыс болған деп тану туралы арыз түсті. Файзуллина (қыз кезіндегі тегі - Нигмадзянова) Гульфия Минигалимовнаның, 26.11.1950 ж.т., тұрғылықты жері туралы мәліметі бар адамдардан хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде сотқа хабарласуын сұраймыз.

ТАРАТУ

2. «АШК «Қайыңды төлі»» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 220540024931, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Казталов ауданы, Қайыңды ауылы, Амангелді көшесі, 36 үй. Тел.: 87776804843.

6. «Жаңаөзен қаласының азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» ММ (БСН 150440014579) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Сәтпаев көшесі, құрылыс 1А.

9. «Бисен-21» ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 210440018535, өз жұмысын тоқтататындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Жырақұдық ауылы, Ы.Алтынсарин көшесі, 21 үй.

МҰРАГЕРЛІК

3. 11.07.2010 жылы қайтыс болған Нақыпова Сарагүл Әсемқарақызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

4. 19.06.2015 жылы қайтыс болған Ракимшаев Кенесбай Байконыровичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

5. 10.07.2023 жылы қайтыс болған Толеубаев Абдештің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус А.У. Елеуоваға келуі керек. Мекенжайы: Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 142, кеңсе 47. Тел.: 87017627107.

БАНКРОТТЫҚ

10. «Q-Leader Trade» ЖШС, БСН 171140026220, «Q-Leader Trade» ЖШС-ін банкрот деп тану туралы талап арыз бергені туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде мына мекенжайлар бойынша қабылданады: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 3 үй; Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 25 үй, кеңсе 134 (сенімхат бойынша өкілдер), тел.: 87772486711.

11. «ZAMAN LOGISTICS KZ» ЖШС, БСН 210240002809, «ZAMAN LOGISTICS KZ» ЖШС-н банкрот деп тану туралы талап арыз бергенін хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде мына мекенжайларда қабылданады: Павлодар қаласы, Торайғыров көшесі, 1 құрылыс; Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 25 үй, кеңсе 134 (сенімхат бойынша өкілдер), тел.: 87779385448.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті «Республикалық спорт колледжі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары

1. Орналасқан орнын, пошталық мекенжайын, телефонын көрсете отырып, кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:

«Республикалық спорт колледжі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 41 мекенжайында орналасқан, 8(727)3762722, 8(727)3762524.

Колледж қызметінің мәні орта білімнен кейінгі білім беру және спорт саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады. Колледж қызметінің мақсаты спорт және дене шынықтыру саласында жоғары білікті спортшылар мен мамандарды даярлау болып табылады.

2. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық; мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

3. Лауазымдық міндеттері:

Қабылданатын шешімдердің кейінгі салдарына, ұйымның мүлкін сақтау мен тиімді пайдалануға, сондай-ақ, оның қызметінің әкімшілік-шаруашылық нәтижелеріне жауап бере отырып, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды, ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды, оқу-жаттығу және тәрбиелік процестерде спорттық-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді, педогогикалық кеңестің жұмысына басшылық жасайды, ұйымның жұмыс жоспарын, спорттық жетілдірудің әртүрлі кезеңдерінде спортшыларды даярлаудың жоспарларын және бағдарламасын бекітеді, барлық құрылымдық бөлімшелердің олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ, олардың қызметін жоғары жетістіктер спорты мен бұқаралық спортты дамытуға бағыттайды, жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқытушылар, нұсқаушылар және әдіскерлердің біліктілігін арттыруды, спортшыларды дайындау деңгейін және спортшылардың спорттық шеберлігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спорт саласындағы шетелдің озық тәжірибесін зерделеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды, лауазымды тұлғаларға – орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұйым қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады, қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді, спортшылардың контингентін қалыптастырады, оқу-жаттығу және оқу-тәрбиелік процестері кезінде спортшылар мен ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтаудың қажетті жағдайларын жасайды, тиісті саланың уәкілетті органдарына ұйымның әкімшілік-шаруашылық және оқу-жаттығу қызметтерінің есебін ұсынады, ұйымның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер, тапсырыс берушілер мен банктерді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісім-шарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады.

4. Білуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология негіздері; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

5. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) білім туралы құжаттардың көшірмелері (қосымшаларымен);

5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтар көшірмесі немесе қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын мұрағаттық анықтама;

6) № 075-у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

7) жеке куәліктің көшірмесі;

8) адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер (кандидат eGov арқылы алады);

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ, бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау, хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 (он бес) күн ішінде: 2023 жылғы «8» тамыздан бастап 2023 жылғы «22» тамызға дейін жүргізіледі.

6. Конкурстың өткізілетін күні мен орны:

Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, онлайн форматында.

Конкурс қатысушыларына әңгімелесу өткізу күні қосымша хабарланады.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, 314 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Толық ақпаратты +7 (7172) 74-02-52, 74-06-55 телефондары бойынша алуға болады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Media page kz» Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кабинет. ZANGAZET.KZ Телефон/WhatsApp 8 707 388 40 80.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

ТАҚЫРҒА ОТЫРҒЫЗДЫ

(АУДАРМА)

Жылаңқы күздің жауынды күні түскі сағат он бірдің пойызымен қалаға жас жігіт келіп жетті. Қалпағын маңдайына түсіре киген оның көзілдірігінің жиегі мүйізден жасалған. Өңі кеткен пальтосына қарап, жағдайының мәз емесін, шекесі шылқыған бай емесін аңғару қиын болмас. Бар киімі шағын қобдишасына сыйып кетіпті. Вокзал алдында аз-кем тұрған соң жаңбырдан жабырқаған қалаға бет алды. Барар бағыты – қонақ үй. Онда барысымен өзін «Том Томсон» деп тіркеткен ол пойыздың жүру кестесін біліп алды да, ваннасы бар бөлме сұрады.

«Сағат он бірден он бес минут кетіпті. Мұнда жуынып-шайынып, тынығып алу үшін бірер сағат қана боламын. Жүгімді жоғарыдағы бөлмеме апарып беріңіздерші», – деп сағатына қарады. Жүк тасымалдаушы бала оның жүк деп атауға келмейтін «жүгін» екі-ақ саусағымен іліп алып, қонақты он сегізінші бөлмеге бастап бара жатқанында портье мырс етті.

Шамамен жарты сағат өткенде безектеген шылдыр дауысынан селк ете түскен портье отырған орнынан ұшып кете жаздады. Қараса, он сегізінші нөмірден звондап жатыр екен. Абдыраған портье баспалдақты екі аттап екінші қабатқа жетті. Орта жолда қонақтың бажылдаған дауысы құлағына жетті. Оның есікті қаққанына құлақ аспаған қонақ байбалам салуда. Ішке кіргенде мистер Томсонның лыпасыз тыр жалаңаш тұрғанын көріп, көзі атыздай болды. «Киімдерім, заттарым қайда?», – деп шыр-пыры шыға байыз табар емес.

«Маған түсіндіре аласыз ба? Осыдан жарты сағат бұрын мына лағнет жауғыр бөлмеде шешініп едім. Костюмімді іліп қойғанмын. Ана жерге аяққиімімді қойып едім... Ал мына жерде шабаданым тұрды.... Ваннадан жуынып шықсам, тып-типыл. Бәрін сыпырып кетіпті. Тіпті жағамның түймесі де көзден ғайып болыпты. Жер жұтып кеткендей. Айтыңызшы, мына жер жындыхана ма, әлде қарақшылардың ордасы ма?»

Портье абдырап, қонақүй қызметшісі мен еден жуатын қызды шақырды. Олар да Томсонның киім-кешектерін іздестіріп еді, расында түймесін де таппады. Тіпті көзілдірігі де зымзия. Ваннада тек сабын мен қолды ысқылайтын щетка, ал жуынған кір суда жөке қалқып жүрді.

Нәтижесіз ізденістен түк шықпағанын көрген Томсон енді аласұра бастады. Бар киімінен жұрдай. Тек сүртінетін сүлгімен қалған ол полицияға хабарласпақшы болып әрекеттенді. «Баукеспе ұрылар» деп айқайға басты.

«Жүзіктің көзінен өткендей қайран алтын сағатым, 124 фунт пен 4 шиллинг ақшам!» Оның айқайынан қонақүйдің абыройы айрандай төгіледі деп ойлаған қызметшілер қонақтың байбаламын әке-көкелеп жүріп әрең қойғызды.

Сол арада қонақүйдің қожайыны шақырылып, ашудан қаны басына шапшыған қонақтың бар шығыны өтелетінін түсіндіріп бақты.

Қонақүй қызметшісі жанұшыра жақын маңдағы дүкенге құстай ұшты. Сонымен не керек, тура бір сағаттың ішінде мистер Томсон басынан аяғына дейін мұздай боп киіндірілді. Су жаңа шағын шабадан да әкелінді. 124 фунт пен 4 шиллинг те саналып үстелге қойылды. Мистер Томсон алтын сағатына шірене қарап: «Қателеспесем, түстен кейінгі пойыз он минуттан соң жүреді. Соған отырамын. Қарақшылар ордасы қанымды ішіп болды», – деді беті бүлк етпестен.

Қонақүйдегілердің бәрі мистер Томсонға жік-жапар болып, бас шұлғып, бейне бір махараджамен қоштасқандай құлдық ұра шығарып салды. Ал ол болса, ернін болар-болмас жыбырлата ишарат жасап, басын изеген болып жауынның астымен адымдай басып вокзалға беттеді. Бір минуттан соң ол пойызда кетіп бара жатты.

Том Томсон кеткен соң еден жуатын қыз ваннадағы суды ағыза бастады. Кенет оның жан дауысы шықты. Кір судан арылған ваннаның түбінен шабадан, аяққиім мен ескі пальто шыға келді. Ал шабаданнан мистер Томсонның костюмі мен сағаты табылды. Сары жезден жасалған ескі сағаттың уақытты көрсететін бір-ақ тілі қалыпты, әрі оның істен шыққанына да талай уақыт өтсе керек.

«АЙКЕЗБЕ»

Кеше моншада айкезбемен таныстым. Лунатизм ауруына шалдыққан бұлар ұйқыда орындарынан тұрып кетеді ғой. Әрі мұндай әрекеттерін өздері сезбейді де. Денемді ыстық сыпырғышпен соққылай бастап ем, дәл жанымнан өксіп жылаған дауыс шықты. Бұрылып қарасам, қыстыға жылай басын жуып жатқан ауру жанға келіңкірейтін біреу.

– Ертең табытта жататын боламын. Мен өлуге тиіспін! – деп қарап тұр.

Зәрем ұшқан мен оның қасына жайғастым:

– Өлгені қалай?

– Өкінішке қарай, өлемін.

– Жүрегіңіз сыр беріп жүр ме?

– Жүректен емес, құлап өлемін.

– Сонда қалай құлап өлмексіз?

Мен ұйықтап жатқанда орнымнан тұрып кетемін. Түнде айдың күші мені үйдің төбесіне өрмелеуге, мұржалардан секіруге, тік қабырғаларға жабысып тұруға итермелейді. Соңғы кезде әлдебір тылсым күштің мені бес қабатты үйдің төбесіне тартатынын сеземін. Ол биіктен мерт боларым хақ.

– Онда сіз көп қабатты үйдің төбесін емес, төменірегін таңдаңыз!

– Сіз айдың әрекетінен бейхабарсыз-ау деймін, оған қарсы тұра алмаймын, қайта соған мойынсұнамын!

– Онда биік мұнараға шықпай-ақ, мұржа тазалаушы сияқты сәкі арқылы шатырдың ішімен көтеріліңіз.

– Бұл үйде шатырға шығар есік сараймен қоршалған.

– Тоқтаңыз, сонда сіз шықпақ болған үй қайда орналасқан? – дедім мазам кетіп.

– Дәл мына тұстағы бұрыштың арт жағында.

– Алаң болмаңыз, ол үйде мен тұрамын ғой!

– Сонда бұл мүмкін бе? Ертеңгісін үйіңіздің алдында бейтаныс біреудің сүйегі жатады.

– Жамандық шақырмаңыз. Мұныңыз сұмдық қой! Тез дәрігерге көрініңіз. Меніңше, медицина ғылымы лунатизм ауруының емін табады.

– Медицина мұндайда шарасыз! Көмек іздеп ашпаған есігім қалмады. Мұндай әрекеттер адамзат баласының түсінігінен де асып түседі. Не десек те, менің өмірім сіздің қолыңызда!

– Қалай сонда?

– Егер бақытсыз жанның жан жарасын жазуға әрекеттенсеңіз, дәл бүгін үйдің шатырына шығар есікті ашық қалдырыңыз...

– Әрине, оған сөз бар ма?! Міндетті түрде ашық қалдырамын.

– Құтқарушым менің, қане, арқаңызды ысып берейін! – деген айкезбенің көзі жайнап сала берді.

Ыстық моншадан келісімен бірден сарайды ашып, есіктегі құлыптың тесігіне сіріңке қыстырып қойдым. Ондағы ойым, біреу-міреу байқамай есікті жауып тастамасын болды.

Түн. Толықсыған ай сүттей аппақ. Бірақ бейбақ айкезбенің үй шатырына еш қиындықсыз шығатынына күмәнсізбін. Енді оның өміріне төнер қауіп те сейілді.

Таңертең дабырлаған дауыстан оянып кеттім. Сәкіден төмен түссем, біраз көрші мен полиция қызметкері тұр екен. «Не боп қалды?» деп көршілерімнен қорқақтап сұрамаймын ба. «Түнде теледидарымыздың антеннасын ұрлап кетіпті. Полицейлер сарайды ашық-шашық қалдырып, суық қолды ұрының төбеге шығуына жағдай жасаған есуасты іздестіріп жүрген көрінеді», – деп жатты көршілерім.

АБАЙЛАҢЫЗ! ЕСІК БҰЗУШЫ
немесе қарымта жауап

Краус мырза мен зайыбы өзге ел мен жер көру үшін саяхатқа шығуға бел буды. «Асың барда – ел таны беріп жүріп, атың барда – жер таны желіп жүріп» деген. Әрине, жұмыстан да қол босай бермейді. Сонымен, ерлі-зайыпты Краустар саяхатқа шығуға қамданды. Жалғыз емес, екеулеп дайындалу жеңілірек қой.

Саяхат он төрт күнге созылады. Бұлар Еуропаның солтүстік нүктесі – Норвегиядағы Нордкапқа аяқ баспақ.

Жолға шығар сәтте Краус мырзадан маза кетті. «Газеттен есікті бұзып кіретін тонаушылардың қайта жасақталғанын оқыдым. Біз кетісімен үйіміз тоналып жүрмесін», – деп еді әйеліне, ол болса: «Басқа жұрт та үйлерін иесіз қалдырып жатады ғой», – деді саспай.

«Басқа жұрт деймісің...» Кенеттен оған бір ой келіп, қолына қалам алды.

«Аса қадірлі
есік бұзушы мырза!

Менің пәтерімді көріп, ұнжырғаңыз түспес үшін сіздің қырағы назарыңызды басқа жаққа аударғым келеді. Бұл үйде бізден басқа сіздің келуіңізге тұрарлықтай өзге де жандар бар. Мәселен, дәл біздің астымыздағы екінші қабаттың екінші пәтерінде үйдің қожайыны тұрады. Оның бағалы бұйымдары коллекционерлер арасында танымал. Бұйымдарының арасында Помпейдің антика дәуірінде жасалған күміс ыдыстар, Минг әулеті өмір сүрген кездегі ежелгі Қытай фарфорлары мен тағы да басқа құнды дүниелер жетіп артылады. Менің бағыт сілтегеніме алғыс айтарыңызға сенімім мол.

Зор ілтипатпен өзіңізге шынайы берілген Леопольд Краус.

P.S. Айтқандайын ол үйдің иесі Балеар аралдарынан үш аптадан кейін ғана келеді».

Осылай деп жазған Краус мырза хатты кіреберіс бөлмедегі қабырғаға іліп, әйелі астына қызыл сиямен «Паркет еденді бүлдіріп алмаңыздар!» дегенді қосып қойды.

Сөйтті де, ерлі-зайыптылар саяхатқа аттанып кетті.

Екі аптадан соң үйлеріне оралған олардың көзі бірден қабырғаға түсті. Құдайға шүкір, хат орнында екен. Тек зер сала қарағанда ғана әйелі: «Полди, мынау басқа хат қой!» – деп баж етті. Онда былай делініпті:

«Аса қадірлі қожайындар!

Сіздердің бағыт сілтегендеріңізге алғысымды білдіремін. Ол үйде табылған бағалы бұйымдарға қарап, коллекционердің тек әуесқой екендігін, ал сіздердің заттарыңызға қарап, нағыз өнерді түсінетін жандар екендіктеріңізді білуге болады. Ал ақша не сіздерден, не олардан табылмады. Бірақ бәрін бір келгенде таба қою оңай шаруа емес қой. Сау тұрыңыздар!

Сіздерге алғыс білдіруші қонағыңыз.

P.S. Паркет едендеріңіз бүлінді. Сіздердің алдын ала ізет көрсеткендеріңізді назарға ала отыра, сүйіспеншілікке толы екі пакет хатты қалдырамын. Біреуін киім шкафынан, екіншісін ерлер жазу үстелінің құпия тартпасынан таптым. Зерделей келе, екеуіңіздің де нақсүйерлеріңіз бар-ау деп шамаладым делініпті.

Неміс тілінен аударған
Рауза МҰСАБАЕВА

ӘДІЛЕТ

СОТ АКТІЛЕРІ НЕГЕ ДЕР КЕЗІНДЕ ОРЫНДАЛМАЙДЫ?

Зайырлы, құқықтық мемлекеттегі қарым-қатынас заңға негізделіп, барлық келіспеушілік заң аясында шешіледі. Заңын сыйлаған, заңына бағынған елде теңсіздік, әділетсіздік болмайды. Сондықтан, қауіпсіз, әділетті қоғам қалыптастыруда халықтың құқықтық сауатын көтерудің, жауаптылығын арттырудың маңызы зор. Өйткені, біздегі заңбұзушылықтың көпшілігі осы құқықтық мәдениеттің кемдігі мен адами жауаптылықтың төмендігінен орын алып жатады. Соның жарқын мысалы ретінде сот актілерін орындауда туындайтын мәселелерді атауға болады.

Бүгінде қолына заңды сот актісі тигенімен, оны орындата алмай жүрген азаматтар аз емес. Ал сот шешімінің бір күнде шықпайтыны, даулы іске нүкте қойылуы үшін қаншама уақыт пен күш-жігер, қаржы мен жүйке кететіні белгілі. Көптен күткен шешімнің орындалмай орта жолда қалуы сотқа, сот орындаушыларға, сол арқылы мемлекеттік билікке деген сенімді төмендетеді. Жалпы, сот актісіне немкетті қарау, сотты, мемлекетті сыйламаумен теңдей. Сот актілерін орындату ісінде біз ең алдымен осы мәселеге көпшіліктің көңілін аудартуға тырысамыз.

Өкінішке қарай, қоғам сот актілерін орындамай бой тасалап жүргендерді емес, керісінше, сот шешімін дер кезінде орындату бойынша мақсатты жұмыс істеп жүрген сот орындаушыларының қызметін жиі сынап жатады. Тек кемшілікпен өздері бетпе-бет келгенде ғана сот орындаушыларының жұмысына түсіністік танытып жатады. Шындығында сот орындаушылардың басты міндеті – сот шығарған шешімді талапқа сай, межелі мерзімде орындату ғана. Оның барлық қызметі «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылар мәртебесі» туралы заңның шеңберінде жүзеге асырылады. Осы құжатты қару еткен қызметкерлер борышты қайтартуда барлық құзыреті мен өкілеттігін пайдалануға құқылы. Әрбір шешімнің артында адам тағдыры тұр. Шешімді созбалаңға салу, мерзімінде орындамау – адам тағдырына бейжай қараумен пара-пар.

Алматы қаласы Әділет департаменті сот актілерін орындаудағы азаматтардың құқықтық сауатын, жауаптылығын көтеру мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырып, бұқаралық ақпарат құралдарында танымдық, түсіндірме материалдар жариялап келеді. Мұндай іс-шаралар қалыптасып отырған мәселеге шынайы қарап, азаматтардың өз қадамының дұрыс-бұрысын таразылауына көмектеседі. Жеке және заңды тұлғалардан соманы өндіру бойынша аумақтық бөлімі де бұл шараларға белсене қатысуда. Бөлім қызметкерлері қарапайым халықтың сот орындаушылар қызметі бойынша сауатын арттыру, сот шешімдеріне қатысты көпшіліктен түсетін сауалдарға жан-жақты жауап беру, құқықтық құжаттарды дайындау мен орындаудың тәртібін түсіндіруге әрдайым бастамашы болып жүр. Сот актілерін орындауда азаматтармен етене араласып, ашық диалог орнату өте тиімді.

Ләйлә АТАБАЕВА,
Алматы қаласы Әділет департаменті Жеке және заңды тұлғалардан қаржы өндіру бойынша аумақтық бөлімі филиалының сот орындаушысы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5596 дана
Апталық таралым 11 192 дана

Тапсырыс №114 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31